душманларны йығлағурдым,
достларумны мен күлдүрдүм,
Көк Теңріге мен өтедүм,
сізлерге беремен йуртум,
—деб деді. ...(Соңы).

38.

39. Оғуз қаған севінді, күлді, тақы аны үч бузғулуқ қылды.

Тақы айтты, кім Ай ақалар! Йа болсун сенлернүң, йа дег оқларны көккече атуң! — деп деді.

40. Оғуз қаған севінді, күлді тақы оқларны үчүге үлештүрді.

Тақы айтты, кім Ай інілер! Оқлар болсун сенлернүң, йа атты оқны, Оқлар дег сенлер болуң! — деб деді.

38. Оғуз қылды ол тойда жырғамышы,
Бұ алты оғлыны сойурғамышы,
Бұлар көрсетүп ерді марданалық
Ата бірлән көп түрлі фарзаналық,
Атаға анлар бос қылдылар йарлық
Уруш күнлерінде барчасы барлық
(А. I. 69; II. 16).

39. (29) Тақы оғланларға айтды: «Сіз үч улуғуңыз алтун йай табып келтүрдіңіз, тақы аны бузуп алыштыңыз Сізлернің атыңыз Бузуқ болсун.

40. Үч оқ келтүрген үч кічік оғланлар айтды: ...

йай оқны қайсы тарафқа тартып йіберсе, оқ ана барур. Емді мен өлгендін соң Күн хан менің тахтымда олтурсун. Андын соң Бузуқ насліндін hар кім қабул болса халық аны патшаh қылсунлар. Дүниа ахыр болғунча Бузуқның бір йахшысы патшаh болсун. Өзгелері орнуға олтурсунлар. Үчоқлар «сол» болсунлар, үйнүң сол тарафында олтурсунлар уа дүниа ахир болғунча нөкерлікке разы болсунлар! — теп айтды. Оғуз хан йуз тақы он алты йыл патшаhлық қылып хақ рахматіға барды (А. II. 69, 16). (Соңы).

«Оғуз наме» мен Оғуз қаған жайлы ақыз шежіреде анахронизмге ұшыраған бір дерек бар. «Оғуз намеде» Улуғ Түрүк атты кісі бар да, ол Оғуз қаған тұсында болып, Оғуз қағанға ақылшы, кеңесші болады. «Оғуз намеде» оқ пен жай осы сәуегейдің түсіне кіреді. Оғуз қаған оның «өгүдүге көре» іс қылып, оқ пен жайды іздеуге балаларын жібереді. Улуғ Түрүктің Оғуз қағанға арнау мақтау сөзі тағы бар.

Абулғазының «Шежіре түркінде» оқ пен жайды Оғуз ханның өзі бір нөкеріне беріп жасыртып қояды. Ал Улуғ Түрүк орнында Иркыл Хожа жүр. Бірақ ол Оғуз тұсында көрінбейді де, «Оғуз ханның улуғ оғлы Күн ханның патшаhлықында зыкрі» деген бөлімде көрінеді.

«Оғуз намеде»	«Шежіре түркте»
40. (28) «Оғуз қағанның йаныда ақ сақаллуғ мұз сашлуғ, узун узлуғ бір карт кіші бар турур ерді. Уқғулуғ түзун бір ер ерді. Анун аты Улуғ Турук ерді.	40. Оғуз ханның *уйғур* [ат] деп қойған жамағатының [улуғы уа] ақ сақаллысының оғлы бар ерді Иркыл Хожа атлық. Оғуз хан [атасы] тахтында олтурып [та] өлгүнче вазир ол ерді... ақыл уа данышман уа көп біліклі кіші ерді (А. I. 69; А. II. 16).

Осындай анахронизмге ұшыраған тағы бір сюжет бар: ол «Оғуз намеде» Оғуз қаған әрекеті ретінде баяндалса, «Шежіре түркте» Оғузхан оғлы Күн ханның тұсында болған әрекет ретінде баяндалады:

41. (31) Кене андан соң Оғуз қаған улуғ курылтай чақырды. Нүкерлерін ел—күнлерін чар-	41. Иркыл Хожаның сөзіні қабул қылып, [Күн хан] улуғ құрылтай қылды... Оғуз қылдурған ал-

лап чақырды келіб кеңешіп олтурдылар. Оғуз қаған бедүк орду(да)...

(оң йағында қырық қулач йығачны тіктүрді, Анун) башыда бір алтун (тағуқ қойды, адағы) да бір ақ қойун бағлады. Чон йағыда қырық қулач йығачны тіктүрді. Анун башыда бір күмүш тағуқ қойды, адағыда бір қара қойуны бағлады.

түн үйүні тіктүрді. Оң йақда алты ақ өрге уа сол йақда алты ақ өрге тіктүрді уа тақы оң йақда башында алтун тақуқ беркіткен қырық қулач йығачны тіктүрді уа сол йақда башына күмүш тақуқ беркіткен қырық қулач йығачны тіктүрді (А. II. 17—18).

5. «ОҒУЗ НАМЕ» МЕН «ШЕЖІРЕДЕ» БАР МОНОЛОГ СӨЗДЕРДІҢ АРА ҚАТЫНАСЫ

«Оғуз намеде» де, «Шежіреде» де монолог (не диалог) сөздер аз. Мұның өзі екі ескерткіштің жанрына байланысты: оқиға, әрекет, оның ішінде геройлардың өзара қатынасы суреттелмей, көбіне баяндалатындықтан, дәлірегі хабарлай баяндалатындықтан, геройлар әрекетімен ілгері шықпайды. Сондықтан олардың сөздері де жоқ.

Ал кездесіп қалатын монолог сөздер, өте жақын сюжеттердің мотивировкасы екі ескерткіште екі түрлі болғандықтан, бөлек-бөлек негізде туып отырады.

Бір ғана ретте екі ескерткіште бар монолог өте жақын тексте айтылады.

«Оғуз намеде»	Шежіреде
Андан соң ерте болубда ақаларны інілерні жарлап келдүрді. Тақы айтты, кім — Ай менің көңүлүм авны тілеп турур, *Қары болғумдан* менің қағазлуғум йоқ турур. Күн, Ай, Йулдуз, таң сарыға сенлер баруң!	Бу уақығадын бір йыл өткендін соң үч улуғ оғлы Күн, Ай, Йулдузны жарлап айтты: Иат йуртқа келіпман, *ішім көп,* ав авламаққа қолум йетішмай турур. Күн тоғышы тарафында фалан гөлнің авы көп ерміш теп ешітдім, өз нөкерлеріңіз бірлән анда барып авну соғуп келінлер! — теді».
Көк, Тағ, Теңіз, түн сарыға сенлер баруң!	

Бұл екі тексте сөз желісі қағанның түсінде көрген («Оғуз наме») не арнайы жасырған («Шежіре») жай мен оқты тауып келуге жұмсау емес, ақ аулауға жұмсау. Бұл — тәсіл. Осы тәсіл екі монологқа да тән. Болмаса өзекті ой, негізгі мақсат — балаларының жай мен оқты тауып келуі.

Сол сияқты балаларын жұмсап, бағыт сілтеуі де бірдей: Күн, Ай, Йулдузды таң сарыға (күн тоғыш тарафыға), ал Көк, Тағ, Теңізді түн сарыға (күн батыш тарафыға) жібереді.

II тарау

«ОҒУЗ ҚАҒАННЫҢ» ЖАНРЫ

«Оғуз қаған» қай жанрда туған шығарма? Бұған жауап беру үшін әуелі «Оғуз қағанның», біріншіден, тақырыбы мен сюжеті, екіншіден, геройлары және олардың әрекеті, үшіншіден, баяндау тәсілдері мен тілдік құралдары анықталуы тиіс. Осы үш сала белгілердің тоғысуы негізінде, осылардың өзара бірлігі негізінде келіп «Оғуз қағанның» жанры танылмақ.

. «ОҒУЗ ҚАҒАННЫҢ» КОМПОЗИЦИЯСЫ НЕМЕСЕ СЮЖЕТТІК КОМПОНЕНТТЕРІ

Эпостық шығармалардың композициялық желісі бір сипатты болғанымен, геройларының кімдер болуымен, геройлар әрекетінің сипатымен біршама ерекшеленеді. Бірінде миф, ертегілік сюжет басым болады, бірінде адамзаттық әрекеттер, ақиқат оқиғалар, тіпті тарихи оқиғалар басым жатады.

Эпостық поэзияның белгілі зерттеушісі Г. Леви ертедегі эпостық поэмаларды үш топқа бөліп, оларды: жаратушы эпос; іздеуші эпос, ерлік соғыс эпосы деп атайды.

«Оғуз қаған» композициясы (сюжеттік компоненттері) жағынан мынадай желі-желіге бөлінеді:

I. **Оғуздың дүниеге келуі, жігіт болуы.** 1. «Оғуз қағанда» оның геройы Оғуздың кімнен туғаны (әкесі кім болғаны) белгісіз. Ескерткіш «тақы мундан соң севінч таптылар: кене күнлерден бір күн Ай қағаннуң көзү йарып бодады. Еркек оғул тоғурды», — деп басталып, Оғуздың әкесі кім болғанын атамай өтеді. Эпостың текстік бүтін еместігі дегенді ұмыт қалдырып, дәл осы қалпын негізге алғанның өзінде де, Оғуздың жоқтан бар болғанын, тәңірілік текке барып тірелетінін анық аңғаруға болады. 2. Барлық эпостық шығармалардағы геройлар сияқты жаңа туған осы оғул да бет бітімі жағынан жұрттан ала бөтен: «өңлүгі, чырағы к ө к, ағызы а т ы ш қ ы з ы л...»; ал мінезі тіпті ерекше: «...анасының көкүзүндүн оғузны ічіп, мүндүн артығырақ і ч м е д і. Тілі(ге) келе башлады. Иіг ет, аш, сүрме тіледі». 3. Барлық эпостық шығармалардағы геройлар сияқты оғулдың өсуі өте шапшаң әрі дене бітімі бөлек: «қырық күндүн соң» үлкен болады, жүреді, ойнайды. «Аяғы — өгіз аяғындай», «белдері — бөрі белдеріндей», «жауырыны — сусар жауырындай», «кеудесі — аю кеудесіндей» және дененің бәрін түк қаптап кеткен. Осы бала жылқыларды бағады, аң аулайды.

II. **Оғуз қағанның жігіт болуы және ерлік көрсету үшін аттануы.** 1. «Қырық күндүн соң» үлкен болған бала «күнлерден соң кечелерден соң» жігіт болады. Өзге эпостың геройлары сияқты өзін таныту үшін бұл оғул да өзен-көлі көп, жүгірген аңы, ұшқан құсы көп *«үлуғ орманға»* аттанады. Себебі оның ішінде ел-жұртты, жылқыларды жеп тұратын, қайғы-азап келтіретін *керемет бір жыртқыш аң* Қат (қыат) бар. 2. Өзін таныту үшін болашақ батыр бір дүлей күш несімен күресіп жеңуі, елге тыныштық күн туғызуы тиіс. Сонда ол «е р» ат алады. Сонда оған күшіне лайық ат қояды.

Бұған дейін ескерткіште Оғуз аты айтылмай, «ошул оғул» боп қана айтылады. Ескерткіште «ошул оғулдың» ат алуы, ат қойылуы сияқты эпизодтар қысқартылып қалғандықтан я аттап өтілгендіктен, өзге эпостардағы (тіпті Абулғазының «Шежіре түрк» атты еңбегінде бар Оғуз туралы аңыздағы) балаға *ат қою т о й ы* жоқ. Ескерткіш «Оғуз қаған бір ері қағаз кіші ерді» деп, атын *Оғуз* деп қана қоймай, оған *қаған* деп жанама атты тағы да қосып атай салады. 3. Оғуз жолға шығады: найза, жай, оқ, қылыш, қалқан — бес қаруын асынып аттанады. Көп айла-амалмен әрі күші асып, жырткыш аң — Қатты (қыатты) өлтіреді. «Басын кесін» алып, кейін қайтады.

Эпос салтынша туған оғул енді «ер» аталады, ел-жұрт оның ерлігіне, күшіне бас қояды. Батыр ұл бірінші кезекте үйленуі керек.

III. **Оғуз қағанның үйленуі. Оғуз қағанның Ай, Күн, Йулдуз және Көк, Тағ, Теңіз деген балаларының тууы.**

1. Эпостық жырлар салтына батыр ұл қалыңдықты өзі іздеп табуға тиіс және қалыңдық кереметтей қасиетке ие болуы керек. Ол қайыптан пайда болуы, қиын жерде болуы керек. Олардың қосылуы алдын ала ойластырылып, шешіліп, ұйғарылып қойылғандықтан, бұлар кездескенде арада ешқандай конфликт болмауға тиіс.

Оғуз қаған дуалы жерде «тәңіріге жалбарынып» отырады, Тәңірі қараңғы түскен кезде «аспаннан күндүн айан, айдан қуғлғулуғрақ» бір «көк йаруқ» түсіреді. Сол жарық сәуле ішінде бір қыз отыр: маңдайында «оттай жарық», «Темірқазықтай» дара бір меңі бар, «күлсе Көк тәңірінің өзі қосыла күлетіндей, жыласа Көк тәңірінің өзі қосыла жылайтындай» көрікті қыз.

«Оғуз намеде» Оғуздың үйлену салтанатын баяндап жату мақсат емес. Сондықтан да эпосты айтушы бір сөзбен «сүйді», «алды», «буаз болды», «үш еркек ұл туды» деп ірі-ірі сюжетке құрылып баяндалатын деталь-дарды, оқиғаға құрмай, атап өту арқылы ғана баян етеді. 2. Эпостық жырлар салтында болашақ батыр *ұл болып* туып, әке жолын әрі қарай жалғастырып, эпостық шығарманың кейінгі тарауларын құрайтын геройларын әкелерінің туу тарихы сияқты керемет шешеге әкесін телу «Оғуз қағанға» да тән. Және негізгі геройдың бірнеше әйелі болуы (кемінде екі әйелі болуы) және бірінші әйелінің орны, қасиеті, көркі артықша болуы, ал екінші (кейінгі) әйелдерінің кереметі төмендеу болуы заңдылық.

Оғуз қағанның бірінші әйелі «көктен түскен көк жарық» ішінде отырса, екіншісі «көл арасындағы ағаштың қуысында» отырады: бірі — көк перзенті де, бірі — жер перзенті. 3. Эпоста екі әйелден туған ұлдар да бөлек-бөлек қасиетке ие болуға тиіс. Оларға қойылатын ат я тегі ескеріліп барып, я болашақ ерлік әрекеті ескеріліп барып қойылуға тиіс.

«Оғуз қағанда» Оғуздың екі әйелінен туған ұлдарына ат шешелерінің тегіне қарап барып қойылады: Көк қызынан туған ұлдарына *Күн, Ай, Йулдуз* деп ат қояды да, Жер қызынан туған ұлдарына *Көк, Таг, Теңіз* деп ат қояды. 4. «Оғуз қаған» ескерткішіндегі негізгі композициялық ядро (өзекті-желі) Оғуз қағанның жорығы. Сол үшін де айтушы эпостың *кіріспе бөліміндей* болған осы үш тақырыпты өте қысқартып, аралық эпизодтар қоспай, оқиғамен дамытпай, баяндау үлгісіне құрып хабарлай айтып шығады.

IV. **Оғуздың қаған болуы, үлкен той жасауы, төңірегіндегі патшалықтарға елшілер жіберуі.** 1. Эпостық шығармалардың сюжеттік желісі негізгі геройдың әрекетіне құрылады. Бұл әрекет, оқиға геройдың жасына, дәрежесіне қарайлас, соларға лайықты болып келуге тиіс. Сондықтан геройдың балалық, жігіттік шағына тән тақырыптарды, бұл тақырыптар аясында болатын оқиғаларды белгілі шеңберден асырмау алдын ала ойластырып қойылған болады. Сондықтан өзекті желіден алшақтап кететін жанама, қыстырма, кірме эпизодтардың бірінен-біріне «Мың бір түндегіше» ұласып, дамытылып кететін үлгідегі оқиға желісін құру әдісі эпостық шығармаға жат. Мұнда алдын ала кесіп-пішіліп қойылған оқиға жүйесі, алдын ала қалай болатыны белгіленіп қойылған герой тағдыры жыршының алақанында, еркінде тұрады. Солай болатынын тыңдаушы да біліп отырады. Өйткені жырдың өзі солардың тілек-қалауына тәуелді күйде жасалып отыр. 2. Эпостың ендігі бөлегінде Оғуз ел-жұрт ортасында көрінеді. Төңіректеген, алқалаған «бектері», «ел-күндері» бар.

Той барша эпоска тән. «Оғуз қағанда» бұл бөлім «ондан соң Оғуз қаған бедүк той берді» — деп басталады. Бұл той жай той емес. Оғуздың *үлкен таққа* о т ы р у тойы, *ұлы қаған дәрежесін* а л у тойы.

Ендігі аттаныс жолы бала батырдың, жігіт батырдың өзін таныту әрекетіне құрылған жеке-дара аттаныс жолы емес, ел-жұрт қағанының дүниенің төрт бұрышына өз әмірін жүргізу ниетінен туған *ұлы шеру қол жүргізуі, ұлы аттанысы.*

V. **Оғуз қағанның жорықтары, соғыстары.** Эпостық жырда негізгі геройдың жорыққа аттануы жайдан-жай туа салмайды: не елі бай, жұрты бай көрші қаған болып, оның өзі әлсіз болып келеді, мұндай қағанның баяғыда геройдың әке-шешесіне, жұртына жасалған зорлығы болған болып суреттеледі. «Ескі кекті» қайтару батыр ұлдың міндеті. Немесе екінші бір қаған бұл жаңа қағанның — көрші ел қағанының таққа келуін мақұлдамайтын, оның жарлығына мойын сұнбайтын, оңысын өзі әдейі хабар етіп тараттатын қаған түрінде суреттеледі.

«Оғуз қағанның» Оғузды екінші рет үйлендіріп, ол қыздан «үч еркек оғул» тууп, атын Көк, Таг, Теңіз деп қойғанға дейінгі жер (1—10 беттер), яғни ескерткіштің төрттен бір бөлегіндей (42 беттің 10 беті) батырлық эпостың мотиві негізінде, солардың үлгі-жүйесіне

жақын баяндалған. Бұл бөлімдер таза фольклорлық туынды. Және «Оғуз қағанды» эпоска жақындататын да осы бөлім.

«Оғуз қағанда» үш бағытта жорық бар. Оғуз үш қағанға жорық жасайды.

1. **Урум қағанға жорық.** Урум қағанға жорықтың себепкері, эпостың айтуынша, Урумның өзі. Ол Оғуз қағанның жарлығын «сақтамады», «сөзін сөз деп тұтпады».

2. **Оғуз қағанды көк бөрі бастап жүреді.** Айтушы-автор Оғуз қағанды бірден соғысқа кіргізе салмайды. «Қырық күн» жол жүріп тоқтаған жерде «Оғуз қағанның шатырына жарық кіреді, ол жарықтан көк түкті, көк жал үлкен бір еркек бөрі шығады». Қолды сол бастап жүреді. Бұл — эпостың негізгі желісіне қосымша кірме эпизод.

3. **Оғуз Урум қағанмен соғысады.** Айтушы-автор соғыс картинасын көрсетпейді. Эпостық жырда соғыс, соғыс үстіндегі айқас суреті батырлардың жекпе-жегі — ең негізгі нәрсе. Бірақ «Оғуз қағанда» «оқ бірле, жыда бірле, қылыч бірле уруштылар», «тутулунч, уруч—унч ондағ йаман болды. Ітіл мүреннүң суғы қып-қызыл, сіпсіңгір дег болды» деп өте салқын қандылықпен жайбарақат хабарлай салады. Әрі осы сөздермен соғыс туралы бөлімді хабарлап та, айтып тауысып та болады.

4. **Оғуз қағанға Сақлабтың тарту-таралғы әкелуі.** «Оғуз қағанда» өз алдына бір үлкен тарау болып кетуге лайық осы кірме эпизод Оғуз бен Сақлабтың арасында болған диалог сөздермен бітеді. Әрекетке қатысты «Оғуз қаған ошул балуққа атлады» — деген бір ғана сөйлемдік хабарлама бар.

VI. **Оғуз қағанның аттанып бара жатып жолай кездескен оқиғалары.** Эпостардың қай-қайсында да батырлар жорық жолында әлдеқандай төтен оқиғаларға кездесіп, оларды жеңіп отырады. Мұндайда я құдайлар, я өзін жебеп жүруші әулиелер немесе керемет-тей өнері бар алыптар көмектеседі.

Төтен оқиғалар: батыр қапысыз жатқанда қару-жарағын белгісіз біреудің ұрлап, оны алып кетуі; жолай ит мұрны өтпес қалың орман я терең су кездесіп, содан өтуге қиналып тұрғанда амалкер жанның табыла кетуі немесе тылсыммен бекітулі қамал (үй) кездесіп, соған кірудің шарасы табылмауы, көмекке тағы да бір ақылманның кездесе кетуі т. б. түрінде келеді. 1. Оғуз қағанға

Етіл суының кездесуі осындай төтен оқиғалардың бірі. Бірақ айтушы-автор бұл кірме эпизодты да дамытып, ұлғайтып әкетпей, Улуғ Орду бег деген шебер табылып, оның сал жасауы, салмен судан өтуі сияқты өте қысқа сюжетпен аяқтай салады. 2. Жалпы алғанда эпостағы осы бір бөлім төтен оқиғаларға арналған. Етіл суынан өткен Оғуз қолына *Көк Бөрі екінші рет келеді. «Оғузға атлан!* — деп бұйрық береді. Жолда Оғуз қағанның бек қатты жақсы көретін чоқуртан аты қашып кетеді. 3. Барлық эпостарға тән болуы сияқты «Оғуз қағанның» осы тұсында табиғат суреті өзінің құпиялығымен, жеңдірмейтін, алдырмайтын қиындығымен қоса беріледі. Бұл жанама эпизод та, ұлғайтылмай қысқа айтылып, шолақ аяқталады. Сондайлық кереметке, шым-шытырық оқиғаға кездестіру мүмкіндігі анық көрініп тұрғанына қарамай, айтушы-автор солардың басын бір-бір шалып өтіп қана, хабарлай атап қана қоя салады. Әскеріндегі «бедүк қағаз бір бег», «чалаң—буландан қорықмас» батыр «тоқуз күндүн соң Оғуз қағанға айғыр атны келдүрді». 4. Эпоста Оғуз қолы тағы «ілгері» кетеді. Жолда «тағамы алтундан», «тунлуқлары күмүштүн», «қалқалары темүрдүн», «қапулуғ» «бедүк бір үй» кездестіреді. Айтушы-автор барлық эпостарға тән осы эпизодты арнайы кіргізе отырып, оны дамытып баяндап кетпейді, тағы да өзге эпизодтар сияқты қысқа хабарлаумен аяқтай салады. Әскеріндегі Төмүрдү Қағул деген «бір йақшы чебер» ерді, осы үй қақпасын ашып, артымыздан «ачғундун соң кел ордуға!» — деп қалдырып кетеді. 5. Эпоста Оғуз қолы «тағы ілгері» кетеді. Бір күндерде үшінші рет, *Көк жал еркек бөрі тоқтайды.* Келген жері Чүрчіт жұрты боп шығады. Оғузға чүрчіт қағаны, ел-күні қарсы шығып «уруш, тоқуш башланды». Эпос осы соғыс оқиғасын «оқлар бірле, қылычлар бірле уруштылар. Оғуз қаған башты. Чүрчіт қаған қачты. Өлтүрді, башын кесті. Чүрчіт ел-күнін өз ағызыға бақындүрды» деген екі-үш сөйлемдік баяндаумен бітіре салады. 6. Бұдан соң Чүрчітпен соғыста түскен олжаны артып алып кетуге арналған кірме эпизод басталады.

Соғыс емес, қайта осы олжаны тиеп алып кетуге орай айтылатын әңгіме желілеу шыққан: әскердегі «Бармақлуғ Жосун Білліг» деген «бір чебер кіші» қанға (арба) шауып, үстіне өлі олжаны артып, тірі олжамен қанғаны тартып кетеді. 7. Эпос ендігі жерде көк бөрі-

мен «Сынду, тақы Таңғут, тақы Шағам йақғақларыға атлап кетті. Көб урушғудан, көб токушғудан соң анларны алды. Өз йуртыға бірледі. Башты, басты» — деген өте саран дерекпен Оғуз қағанның үш ірі жұртқа жүргізген соғысын атап қана айтады. 8. Айтушы-автор «белгісіз қалмасын жария болсын» деп алып, Оғуздың Барақа деген жердегі Масар деген қағанмен соғысқанын хабарлап айтады.

Эпос Оғуз қағанды сол елге аттандырып апарады да: «андағ йаман урушғу болды. Оғуз қаған башты, Масар қаған қачты. Оғуз оны басты, йуртын алды, кетті...

«Санағулуқсыз немелер, йылқылар алды . Йуртыға үйіге түшті, кетті» деген сөздермен бұл соғыс жайлы эпизодты да бітіре салады.

Оғуз қағанның ұзақ сапар жорықтарын және осы жорықтар үстіндегі жолай кездесетін тосын оқиғаларды эпос осымен бітіреді.

Соғыс картинасы суреттелмеген соң, соғыста ерлік көрсететін жеке батырлар да жоқ, айқас суреттелмеген соң, бірі жеңіп, бірі өліп, я жараланып, қолға түсіп жатқан жекпе-жектегі ерлері де жоқ. Сондықтан да эпостық жырға тән мадақтаулар да, жоқтаулар да «Оғуз қағанға» кірмей қалған.

VII. **Оғуз қағанның ақылгөйі Улуғ Түрүктің түс көруі, сәуегейлік жасауы.** «Оғуз қаған» Оғузды ел-жұртына оралтады да, өзінің негізгі тақырыбын — соғыс тақырыбын аяқтайды. Ендігі жерде бейбіт өмірге, күнделікті тіршілікке лайық тақырып басталады.

Барша эпостық шығармаларда түс көру, аяң айту, болжау айту негізгі өзекті тақырып. Геройдың барлық әрекетін, жорық жолын алдын ала біліп қоюы, оқиғаның осы болжауда айтылғандай өрістеп отыруы — эпос атаулыға тән негізгі мотивтің бірі. «Оғуз қағанда» осы тақырып та бар: «Оғуз қағаннуң жаныда ақ сақаллуғ, муз сачлуғ, узун узлуғ бір карт кіші турур бар ерді», осы кісі «күнлерде бір күн уйқуда бір алтун йа көрді, тақы үч күмүш оқ көрді». Улуғ Түрүктің айтуымен ол түсте көрген алтын жай мен күміс оқты іздеуге балалары Күн, Ай, Йулдуз бен Көк, Тағ, Теңізді жұмсайды. Үшеуі «таң сарыға», үшеуі «түн сарыға» барады.

Осы алты ұлдың сапарын айтушы-автор бар-жоғы мына көлемде ғана айтып шығады:

«Күн, Ай, Йулдуз көб кіклер, көб қушлар авлағулардыдан соң жолда бір алтун йаны чаптылар. Алды(лар) Атасы(ға берділер).

(Оғуз қаған севінді. Күлді. Тақы аны) үч бузғулуқ қылды. Тақы (айтты) кім.

— Ай, ақалар! Йа болсун сенлернүң!

Иа.дег оқларны көккече атуң, — деб деді.

Қене андан соң Көк, Тағ, Теңіз көб кікілер, көб қушлар авлағуларыдан соң жолда үч күмүш оқ(ны) чаптылар. Алдылар. Атасыға берділер.

Оғуз қаған севінді. Күлді. Тақы оқларны үчүге үлештүрді. Тақы айтты кім.

— Ай, інілер!

Оқлар болсун сенлернүң!

Иа атты оқны, —

Оқлар дег сенлер болуң! — деб» деді.

Эпостық жыр бұл эпизодты:

Күн, Ай, Йулдузды (тотемдік ұғымда) алтын жай іздетіп, жолға шығарып, жол сапарында жүргізіп, аң аулатып, құс аулатып қойып, бұл оқиғаны кеңінен суреттеп, қайыра жолда қиын жағдайға ұрындырып, адастырып, көмекке әлдебір тылсым күшке ме, аң я құс келтіріп, я болмаса түсіне атасы Оғузды я аналарын кіргізіп, үлкен бір кітаптық оқиға желісін туғызар еді. «Оғуз қағанда» олай емес, қайта осы болуға тиіс, тіпті болған ірі-ірі оқиғалар ықшамданып, үстірт хабарланып қана, аталып қана өтеді.

VIII. **Оғуз қағанның ұлы Құрылтай шақырып, ел-жұртына үлкен той беруі, балаларына жұртын үлестіруі.**

Барлық эпоста негізгі герой — аға батырдың жасы ұлғайып қартайған кезде ел-жұртын жиып алуы; кеңес өткізуі; той жасауы; той үстінде неше түрлі ойын-сауық, өнер жарысы өтуі; батырлар бәсекесі; араша үшін, табыстыру үшін арада аға батырлар, ақылгөй қарттар жүруі т. б. — осылардың бәрі оқиғалы түрде, әрекет үстінде суреттелмек. Бұл — әрі үлкен эпостық жырдың аяғы, әрі үлкен батыр балаларының ерлігін, тарихын баяндайтын келесі эпостың басы.

«Оғуз қағанда» мұның ізі сақталған: Оғуз жұртын жиып, «қырық күн, қырық кече» той береді. «Андан соң Оғуз қаған оғулларыға йуртын» үлестіріп береді. Өзінің бүкіл өмірі жайлы 7 жол өлең, ал балаларына «Сізлерге беремен йуртым» деген бір ғана жыр жолын арнайды.

«Оғуз қағанның» күллі сюжеттік компоненттері, мі-

не, осылар «Оғуз қағанда» эпосқа (эпостық жырға) тән тақырыптар, сюжеттік желілер түгел бар. Бірақ эпостық жырдың баяндау стилі «Оғуз қағанда» жоқ.

2. «ОҒУЗ ҚАҒАННЫҢ» ГЕРОЙЛАРЫ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ӘРЕКЕТІ

«Оғуз қаған» кейіпкерлерінің кім болып келуі жағынан өзіне тән ерекшеліктерге ие.

ОҒУЗ — негізгі герой.

I. Батырлық ертектерде не ерлік эпостарда болашақ геройлардың шеше бойына бітуі Тәңіріге ие бір кереметі бар әулиеге барып тіреледі. Оны әке-шеше зарығып күтіп жүріп, қартайғанда көреді («Қобыланды»). Бұлардың туысы да бөлек («Алпамыс»). «Оғуз қағанда» бұл жоқ. Оғуз да, оның екі әйелінен туған алты баласы да адамзатқа тән табиғи жолмен шеше бойына бітіп, дүниеге келеді: егер Оғуздың дүниеге келуі: «тақы мұндан соң севінч таптылар, кене күнлерден бір күн Ай қағаннуң көзү йаруб бодады. Еркек оғул тоғурды» (1) деген түрде болып өтсе, Оғуз балаларының дүниеге келуі: «Оғуз қаған аны көрдүкте өзі қалмады, кетті, севді, алды. Анұң бірле йатты. Тілегүсін алды. Төл боғаз болды. Күнлерден соң, кечелерден соң йаруды, үч еркек оғулны тоғурды» (2) деген күйде — жалпы адамзатқа тән табиғи қалыпта болады. Туысында бөлек белгі жоқ.

Ал бірақ жаңа туған баланың мінезі, әрекеті бөлекше: батырлық ертегідегі, эпостағы геройлардың өсу процесіндегі «шапшаңдыққа», «өсуге асығуға» ұқсас белгілер бар («Алпамыс»). Оғуз «анасының уызын ғана ішіп», одан әрі ембейді. Тілі келе бастады. «Шикі ет, ас, шарап сұрады» (1—2).

«Оғуз қаған» бұл тұста да «шикі ет, ас, шарап сұрады» дейді де қояды. Хабарлап ғана айтады. Эпостар мен батырлық ертектерде бар жас баланың тамақ ішу суреті [1], осы әрекеттің өзі мұнда жоқ. Ал «Маназа» жаңа туған баланы ауыздандыру үшін аузына тамақ салғанда «өзегін үзе бір сорған кезде шешесі өле жаздап қалады». Содан соң сандықтағы «үш қарын майды» аузына «үш қайтара салғанда» «үш сағатқа қоймай жалмап жұтып» қояды. «Маадай Қара» эпосында «әне-

[1] Уыз мерзімі болатынын ескерсек, Оғуз «емшек дәуірі». күнін өткізген болады.

дин чыққан эт—йылаңаш эки йашту уул бала» «тоқсан шауқар маралды тоғыз күнде жеп» қояды.

Ал жас сәбидің дене бітімі бөлекше: адаға уд адағы дег, беллері бөрі беллері дег, йағры кіш йағры дег, көзүзү адуғ көчүзү дег», денесінің бәрі түк. Бірақ Оғуз-бала «Мұрны сеңгірдей, қасы — қалың ормандай бала Алып Манаш та [2] емес. Кеудесі кепедей, мұрны төбедей, күрек тісі кетпендей, аузы үлкен ошақтай, азу тісі пышақтай» бала — Ұлтан [3] да емес, «бөрі бел», «кіш жаурын», «аю кеуде» — бұл алыпқа тән келбет емес.

Сол сияқты бұл жас баланың бойында өзгеше керемет те жоқ. «Суға салса батпайтын, отқа салса, күймейтін, шапса, қылыш өтпейтін» Желкілдек [4] те, не Алып Манаш та емес.

II. Батырлық ертектерде, эпоста жас баланың әуелі әкесінің «тоқсан тоғай жылқысын» күтуі («Қобыланды»), аңға шығып, аң аулауы, әкесінің жылқысына келуі («Бамсы Бейрек»), жылқышылар басшысының баулуында болуы («Қобланды») не жылқышылар бастығының күтіп алуы — («Бамсы Бейрек») дәстүрлі мотив.

«Оғуз қағанда» да жас бала әуелі «жылқыларды күтеді», «атқа мініп жүреді».

III. Батырлық ертекте, эпостық жырда жылқы (не қой) күтіскен бала әлдеқандай кенет, төтен оқиғаға кездеседі де жырда (я батырлық ертекте) жас баланың алғашқы әрекеті баяндалып кетеді. «Бамси Бейректе» Бейрек жылқышылармен отырғанда, көуірге таланған саудагер керуені үстеріне келеді, көуірге кеткен малдарын қайырып алуға көмек сұрайды. Жігіт керуенге ілесіп барып, көуірлерді қырып, малын қайырып әпереді. Ал «Маназа» тоғыз жасар Манасты әкесі қойға жібереді, қозыға бөрі тиеді, қойшылар қорқып қашқанда, бөріден қозыны тоғыз жасар Манас айырып алады, тағы бір жолы әкесінің жылқышыларын қалмақтар сабап жатқанда кезігіп қалған Манас оларды жайратып салады. Бала ерлігі суреттеледі «Маадай Қарада» бесіктен белі жаңа шыққан бала (Көгудей Мерген) әкесінің жауы жеуге жіберген жеті бөріні өлтіреді.

Батырлық ертектер мен батырлық эпоста болатын

[2] *Улагачев Н.* Алтай Бучай // Алып Манаш. Новосибирск, 1941.

[3] Алпамыс: Ақсауыт. Алматы, 1969. 1-т.

[4] *Радлов В. А.* Образцы народной литературы тюркских племен. Ч. 3. Киргизские наречия. СПб., 1870.

осы сюжет, яғни жас геройдың *өзін таныту үшін жасайтын ерлігі, күшін сынауы* немесе *кек алуы* «Оғуз қағанда» едәуір толық берілген. Және нағыз батырлық эпоска тән сюжет таңдалған. Жас жігіт орман ішіне малды, адамды жеп, елге үрей әкелген Қат деген бір дәу аңды өлтіруге аттанады.

«Өзен-көлі көп бір үлкен орман бар еді, онда жүгірген аң, ұшқан құс өте көп еді. Сол орман ішінде дәу бір Қат бар еді. Жылқыларды, ел-жұртты жейтін өте үлкен бір жаман аң еді. Ел-жұртты күштілігімен жеңіп еді.

Оғуз қаған қайратты, батыл бір кісі еді. Ол бұл Қатты ауламақшы болды. Бір күндері жыда, жай, оқ, қылыш, қалқан алып аттанды, сол Қат жүретін орманға барды, бір бұғы ұстап алып, оны талдың шыбығымен ағашқа байлап, өзі қайтып кетті. Келесі күні таң ертең келсе, Қат бұғыны алып кетіпті. Оғуз енді бір аю ұстап алып, оны алтын белбеумен ағашқа байлап, өзі тағы да қайтып кетті. Келесі күні таң ертең тағы келді, келсе Қат аюды жепті. Өзі сол ағаштың түбінде тұр екен. Қат көріп басымен Оғуздың қалқанын соқты. Оғуз жыдамен Қаттың басына ұрып өлтірді, қылышпен басын кесіп алды. Өзі қайтып кетті. Қаттың денесі не күйде екен деп ертеңінде және келіп көрді. Келіп көрсе, бір Сұңқар Қаттың ішек-қарнын жеп отыр екен. Жаймен, оқпен Сұңқарды атып өлтірді, басын кесті». Бұл оқиға батырлық ертегіге тән оқиға. Бала батырдың алғашқы күш сынауы өзі әлі дүниеге келмеген кезінде, я бесікте жатқан кезінде ата-анасына, ел-жұртқа зорлық жасаған бөтен бір зұлым ханға т. б. қарсы аттануда көрінбей, осылай түз тағысы жыртқыш аңға қарсы аттанып, оны жеңу (жалпы табиғаттың дүлей күшіне қарсы, тылсым күштерге қарсы күресу) бақташылық тұрмыстың мүддесінен туған батырлық ертегілерге тән нәрсе.

«Оғуз қағанда» бұл сюжет — өте көне сюжет. «Оғуз қағанның» желісі жасалғанға дейін ежелгі түріктер арасында айтылып жүрген бақташылық тұрмысқа тән мифтерде не батырлық ертегіде бұл мотив бар болған.

Мифте не батырлық ертегіде бұл сюжет — батырдың я *кек алуға, я ерлігін, күшін сынауға, я қалыңдық іздеп шыққан кезде* алдынан бәсекелесі шығуы сияқты мотив үшін алатын сюжет. Қат (дүлей жыртқыш) — осы мотивтердің геройы, осы сарындар тапқан сюжеттердің геройы.

Қат аң кейпіне түскен сиқыр күш болмай, я аң — герой болмай, Оғузбен соғыста сиқыр жасамай, қара күшпен ғана қарсы шығуы — мұның бәрі «Оғуз қағанның» жанрына, стиліне келіп тірелетін ерекшеліктер. «Оғуз қаған» үшін мұндай миф, мифтік сюжет жат.

Оғуз өлтіретін Қат — жұрттың жылқысын, тіпті кісілерді жейтін жыртқыш аң. Бұл аңда мифтік образ жоқ. Сондықтан Оғуз бен Қат соғысы — қалыпты ғана соғыс. Аңшының, батыр аңшының орманда мал торып, жұрт торып жейтін жыртқыш аңды жеңу соғысы ғана. Соғыста да мифтік айла-амалдар жоқ.

Ал «Маадай Қара» эпосында елін шауып, әкесі Маадай Қараны тұтқын етіп әкеткен Қара Құла қаған еліне қайтып барғанда өзі шапқан ел-жұртында Маадай Қара қарттың бесіктегі баласы қалғанын біледі де, оны жеп қайту үшін «жер иесі жеті бөріні», «Алтай иесі тоғыз құзғынды» жұмсайды. Қатқа қатысты сюжетте («Оғуз қағанда») бұл мотив жоқ.

Оғуз Қатты ешқандай кереметі жоқ жыдамен өлтіріп, қылышпен басын кеседі. «Маадай Қарада» жеті тау қозғалғандай жылжып қозғалып, сілекейі теңіз суындай боп шұбырып, демі жел тұрғандай екпінмен шығып азуында алпыс аттың сүйегі қатып қалған жеті бөріні қабырғадан жасаған садақпен, қамыстан жасаған оқпен атып қалғанда оқ ұшынан от шығып, дыбысынан жер сілкініп, Алтай таулары бір селк етіп, жеті бөрінің тар қолтығын көктей өтіп, жердің жеті қабатын ойып түсіп, жерді көтерген у сары дарияға барып жетеді, у дария оқ қызуымен түбіне дейін бұрқ-сарқ қайнап кетеді...

Міне, тылсым күшке ие бала-батырдың кереметі бар қаруының жасаған әрекеті осындай.

IV. Оғуз қағанға тән ендігі бір әрекет — батырлық ертектер мен эпоста бала батырдың *қалыңдық іздеп шығуы, қалыңдығын табуы* сияқты сюжетке жақын әрекет.

«Оғуз қаған бір жерде Төңірге жалбарынып отырғанда, қарацғы түсіп кетеді. [Сол кезде] көктен күшпен аяң, айдан құқылырақ бір көк жарық түседі. Оғуз қаған [сол жарық түскен жерге қарай] жүреді. [Келіп] көрсе, осы [көктен түскен] жарықтың арасында бір қыз... Оғуз қаған оны көрген бойда есі кетеді, сүйіп қалады, алады...» Мұнда бірде-бір суретті оқиға жоқ. Оқиға суреті жоқ, нақты әрекет көрінісі жоқ. Тек әрекетті, оның нәтижесін хабарлау ғана бар.

Мұнда жай пендеге кездеспейтін нәрсе: көктен «көк

жарық» түсуі, сұлу қыздың осы «жарық арасында» жалғыз отыруы. Басқа жайдың бәрі қалыпты нәрсе.

Әдетте батырлық ертектер мен эпостарда бала батыр қалыңдығын Оғузша кездестіре салмайды және іздеп шыққан қалыңдық бұлай жалғыз отырмайды, оны күйеу жігіт Оғузға ұқсап оп-оңай ала да алмайды. Бұларда іздету, жолықтыру, алу мотивтері басқа-басқа. Егер «Алпамыста» бала батырдың бұрын айттырып қойған қалыңдығын іздеуіне «өрмек құрып отырған кемпірдің» баласын абайсызда өлтіріп алуы себеп болады («Қозы Көрпеш Баян сұлуда» Қозы Көрпеш те осындай күйде болады). Ол кемпір: мықты болсаң қашып кеткен қайын атаң Сарыбайдың қызы Гүлбаршын сенің қалыңдығың, соны іздеп неге тауып әкелмейсің — дейді. Алпамыс (Қозы Көрпеш те) іздеп шығады.

Сол сияқты қалыңдығын іздеп шыққан батырдың алдында неше түрлі кедергі бар: «Алпамыста» Гүлбаршынға таласып жатқан қалмақ ханы Қараман мен Қаражан бастаған тоғыз ер бар. Алпамыс аты бәйгеде озып, өзі күресте жығып, алтын жамбы атып, соғысқалы ниет еткен қалмақ әскерін қиратып, той қылдырып, қалыңдығы Гүлбаршынды алады. «Бамси Бейректе» Бейрек Алпамыстай қалмақ батырларымен күш сынаспайды, өз қалыңдығы Бану Чечекпен ат жарыстырып, садақ тартысып, күресіп сынасады. Мұнда Қараман, Қаражандар орнына үйленуге кедергі жасап (Бану Чечекті сырттай емденіп жүрген) кәуірлер. Олар той үстінде ұрланып келіп, Бейректі тұтқындап әкетеді. Он алты жыл өтеді. «Ер Төстікте» Ер Төстіктің өз қалыңдығы Кенжекейге үйленуіне пері қызы Бекторы кедергі болады. Өзін алмағаны үшін Бекторы Ер Төстікті жер астына түсіріп жібереді. «Қобыланды батырда» жас батыр Қобыландының Құртқаға үйленуіне кедергі Қырық Бес Кез Қызыл ер бар. Ол: «Меніменен күресіп жықса, алар» деп шарт қояды. Қобыланды осы Қызыл ерді жеңіп барып қана Құртқаны алады.

Міне, мұның бірде бірі *қалыңдықты іздету мотиві де,* қалыңдықты алу үшін болатын *күш, өнер сынасу, соғысу мотиві де,* күйеудің, қалыңдықтың уақытша болса да қосыла алмай, *айырылысу мотиві де* «Оғуз қағанда» жоқ.

«Оғуз қағанда» батырлық ертегілерде, эпостарда сөзсіз болатын осы сюжетке (қалыңдық іздеу, оны алу сюжеті) ешқандай мотивировкасыз, мифке не әсерлі

шиеленіске әкелетін ешқандай оқиғасыз, жай *хабарлау* түрінде ғана, *атап айту* түрінде ғана берілген. Шындап келгенде, сюжет орнында сюжетті болып өткен нәрсе етіп айту ғана бар, сюжеттің хабар-дерегі ғана бар. *Оқиға* орнында *сөз* бар.

V. Батырлық ертегілерде, эпостық жырларда «батыр қалыңдығын тек бөтен рудан ғана әкеліп қоймайды, әрі ол «атастырылып қойған» «қалыңдық» қыз болуы керек және ең бастысы батыр *бір-ақ рет* үйленеді [5], о баста «бұйырылған» не «атастырылып қойған» қалыңдыққа ғана үйленеді. Егер осы салтқа сәл қайшы келетін жер болса-ақ, батырлық ертегілерде қиғаштап келіп те осыған әкелетін мотив табылады. Алтайдың «Алып Манаш» деген батырлық ертегісінде Алып Манашқа ата-анасы Күймчек Аруды алып береді. Атастыру арқылы үйлендіру — батырлық ертегілердің, эпостың негізгі мотиві. Бірақ пенделердің бұл әрекетінен де жоғары тұрған, бұзуға болмайтын бір норма бар: ол — құдай я әулие ұйғарған не бір әулие кітапта жазылып қойған «қалыңдықтар» бар. Пенделер мен құдайлар я керемет күштердің ұйғаруы қатар келгенде, батыр соңғы қалыңдыққа аттану керек. Яғни *аттандыру мотиві* бірінші кезекке шығады. Мыс.: «Алып Манашта» Алып Манаш ақыл кітабын» қарап отырып, мынадай бір жазуға көзі түседі: «жер мен көк түйіскен» мекенде жауыз Ақ Қанның «ақшал атқа мінген» Эрке Қарақчы деген қызы бар: «адамзат жүзін көрмеген, еркек қолы тимеген» сұлу. Алып Манаш екеуі бір мезгілде туған және бірі-біріне аталып қойылған. Ақ Қан қызына құда түсе келген алпыс алып та, жетпіс батыр да кері қайтқан емес. Алып Манаш осы қызға аттанады. Көп уақыт Ақ Қан қолында тұтқында болады. Алып Манаш өліпті деген хабар әкеліп, бұрынғы досы Ақ Көбек Күймчек Аруға үйленбек болады. Көп уақыт өтіп, Күймчек Аруды Ақ Көбек алғалы жатқан тоғ үстіне келіп, Алып Манаш арамдық қылған «досы» Ақ Көбекті өлтіріп, өз әйеліне қайта үйленеді. Ал «Алпамыста» бұл сюжет бар. Алпамыс Тайшық ханның қолында жеті жыл тұтқын болады. Кезінде ұйқыда қолға түсуіне себепші болған хан қызы Қаракөз Айым тұтқында жатқанда Алпамысқа ғашық болғанымен, оны а л м а й, еліне қайтып оралады. Ал-

[5] *Мелетинский Е. М.* Происхождение индийского ге| ического эпоса. М., 1963. С. 260.

памысты өлдіге санап, Гүлбаршынға үйленбек тойын жасап жатқан Ұлтанқұлды өлтіріп, өз әйеліне қайта үйленеді. «Қобыланды батырды» байырғы салтпен *қалыңдықты* жат жұрттан бір рет іздетіп барып әкелдіреді де, өзіне ынтық болғанына қарамай, Көбікті қызы Қарлығаға үйлендірмейді.

Осының бәрін неге айтып отырмыз? «Оғуз қағанда» бұл салтқа қайшы шығу бар. Мыс.: «Оғуз қаған» Оғузды екінші рет үйлендіреді. Сөйтіп, үйлену сюжетінің ізі «Оғуз қағанда» екі рет көрінеді. (Біз бұл жерде сюжет желісі тұрғысынан келіп отырмыз, салт-дәстүр тұрғысына кейін кеңірек тоқталамыз).

VI. Батырлық эпостар мен батырлық ертегілерде бас геройдың ендігі әрекеті *кек алу, құтқару* мотиві туғызған сюжетке құрылады. «Алпамыс батырда» мұндай кек алу мотиві туғызған жорық — Алпамыстың өзі жоқта «жылқысын шауып кеткен» Тайшық ханға қарсы жорығы. «Қобыланды батырда» Қобыланды жорықта жүргенде, «Алшағыр хан елін шауып, ата-анасын, жұбайы Құртқаны, ағайын-жұртын тұтқын қылып әкетеді. Қобыландының Алшағырмен соғысы *кек алу* мотиві туғызған соғыс. Алтайдың «Маадай Қара» эпосында өзі бесікте жатқанда жұртын шауып, әке-шешесін, елін тұтқын қылып әкеткен Қара Қуламен соғысы — осы *кек алу* соғысы.

Батырлық ертегілер мен көне эпостарға тән осы мотив те, осы мотивке құрылған соғыстар да «Оғуз қағанда» жоқ.

«Оғуз қағанда» *қалыңдық іздеу* мотивінің жоқтығы және осы мотив туғызған *қалыңдықты жау қолынан қайыру* соғыстары, елін шауып кеткен жауынан кек алу мотивінің жоқтығы және осы мотив туғызған *ел-жұртын, ата-анасын жау қолынан қайыру* соғыстарының болмауы «Оғуз қағанды» батырлық ертегі мен батырлық эпостан біршама бөлектейді.

VII. «Оғуз қағанда» Оғузға қатысты ендігі бір әрекет — ел-жұртын жиып той беріп, өзінің елге *қаған болғанын* жариялауы: Андан соң Оғуз қаған бедүк той берді. Ел күнге жарлық жарлап кеңештілер. Келділер. Қырық шіра, қырық бандақ чаптұрды. Түрлүг ашлар, түрлүг сүрмалар чубуйанлар, қымызлар ашадылар, ічтілер (10—11-б.). Бұл той Оғуздың қаған болу тойы, тақ-қа отыру тойы. Тағы да бір ортақ белгі: той жиыны, той салтанаты жоқ; мұндай тойларға тән *ат жарыс, балуан күрес, жамбы атыс* сияқты өнер, күш сайысы жоқ. «Манас» эпосындағы» ақ киіздің үстіне отырғызып, жиынды «жеті айналып», «жығалы бөрік кигізіп» жатқан хан көтеру салтанаты тағы жоқ, «ханды» жұрт болып қаладық деп» жатқан ел тағы жоқ.

Мұның негізгі себебі «Оғуз қағанда» *хан болу* мотиві жоқ, сондықтан да *хан болу* мотиві туғызған сюжет те жоқ және *хан көтеру* мотиві де жоқ, сондықтан да осы мотив туғызған салтанат жиын да, салтанат сюжеті де жоқ. Қалай дегенде де «Оғуз қағандағы» Оғуз-геройдың осы хан болуы, хан болуына орай жасаған тойы «Оғуз қағанды» батырлық ертегілерден бөлектейді. Батырлық ертегілерде *герой-хан не хан-батыр* бола береді, «хан» сөзі «бек», «батыр» сөзінің синонимі ретінде жүре береді. Батырлық ертегі бұл сөзге *артық мән бере бермейді.* Ал *хан көтеру, хан болу* мотиві және оның сюжеті бұл батырлық ертегілерге тән емес. Батырлық ертегі, халықтың рулық тұрмысы кезеңіне тән болатындықтан, тайпалардың одақтасуы негізінде пайда болатын қоғамдық-тарихи институт — хандық мемлекетті құру идеясы туғызатын хан болу мотиві, *хан көтеру* мотиві оларға жат. Тіпті эпос қатарында қаралып жүрген көптеген батырлық жырлардың өзіне де бұл идея, бұл мотив жат[6]. Батырлық ертегілер—«Ер Төстікте» де, «Ер Көкшеде» де мұндай мотивтер жоқ. Өз негізі батырлық ертегі «Ер Қосайда» да, «Алпамыста» да, беріректе туған «Қобыландыда» да мұндай мотивтер жоқ.

Біз мұндай идеяны *батырлық эпос* «Манастан» ғана көреміз:

Өкүм болбой өнүкпейт,
Өзүңгө бу жұрт жөнүкпейт,
Басчысы болбой марыбайт,
Баш аламан жарыбайт,
Ханы болсо қар болбойт,
Жарактуу киши зар болбойт.

Қаары болбой хан болбойт,
Дене болбойт жан болбойт,
Тегерегің баары жоо
Тепсесе дүшпан жан қойбойт
Калкалайм десең жанында
Көтөрүнөр ханыңды.
Хан көтөрбой болбос деп

[6] *Мелетинский Е. М.* Происхождение... С. 247—271.

Қаптаса дұшман қойбос деп,
Хандуу журт болуып қалалык
. . . . . .
Хан көтерүп алалык[7].

«Оғуз қағанда» мұндай *ханы болу* мотиві анық көрінбегенмен, Оғуздың өзін *қаған деп жариялау* фактісінің өзі, хан сайлаған той жиынның болу *хабарын* айтудың өзі, осы әрекеттің хабар-дерегінің өзі «Оғуз қағанның» өзіне тән үлкен бір ерекшелігі, жанрлық ерекшелігі.

VIII. «Оғуз қағанда» бұл шаққа дейін бала-Оғуз, жігіт-Оғуз, (немесе *өзін таныту аттанысын* жасап, Қатпен соғысатын Оғуз), «қалыңдығын» табатын күйеу-Оғуз баяндалса, енді Оғуз — қаған ретінде көрінеді. Ол енді өз руының, өз үй ішінің мүддесі, тіпті өз жеке басының керегі үшін аттанатын, ұрыс құратын «жеке батыр», «ру батыры» емес, ру-тайпа бірлестігінің басында отырған қаған, әскери державаның қолбасшы қағаны. Бұл тұста Оғуз — таза нақты негізі бар *тарихи аңыздың* геройы. Тіпті осы тарихи аңызда Оғуз атына телініп айтылып жүрген «Оғуз сөзі» деп аталып жүрген сөз бар. Ол «Оғуз қағанның» бұл күнге дейінгі баяндау үлгісінен мүлде басқа формада — өлең формасында келеді:

Мен сенлерге болдум қаған
Амалың йа тақы қалқан!
Тамға бізге болсун буйан
«Көк бөрі» болсунғыл уран!

Темүр жыдалар, бол орман!
Ав йерде йүрүсүн қулан
Тақы талуй, тақы мүрен;
Күні Туғ болғыл, көк — қорыған!
(11—12).

Оғуз қаған — бұл тұста әдеби кейіпкер емес: батырлық ертегінің де, батырлық эпостың да кейіпкері емес, нақты тарихи жағдайдың, нақты тарихи дәуірдің жемісі ретінде туған *шежіредегі тарихи личность*. Және оның жоғарыдағы сөзі де қиялдағы геройға қиялдан жасап таңған сөз де емес, нақты бір тарихи жағдайда туған өзінің нақты иесі бар Сөз. Кезінде Оғуз қағанның өзі айтсын, не Оғуз атынан шығарылсын деген мәселе онда емес, мәселе бұл Сөздің нақты тарихи жағдайдың жемісі ретінде тууында, тарихилығында.

[7] Манас. Фрунзе, 1979. 1-кітап. 264—265-б.

«Оғуз қағанның» осы тұстағы баяндаулары, ягни «үлкен той беріп, ел-жұртына жарлық жарлап кеңесу»; «тойдан соң Оғуз қағанның бектеріне, ел-жұртына жарлық беріп», ұран сөз (бұйрық-жар сөз) айту және төрт жағындағы бөтен жұртқа нота (білдүргүлүк) жіберу, онда өзін «мен ұйғырдың қағанымын», мен «сендердің бас ніп бағынуларыңды» талап етемін, «бағынбасаңдар дұшпан деп білемін», өздеріңді «жоқ етемін», — деу Оғуз қағанның нақты әрекетінің нәтижесі ретінде, кезінде жасалып қалған *тарихи әңгіме желісі*. Оғуз Сөзі деген жыр да, Оғуздың «төрт сарыға жарлық жарлап, «білдүргүлүкте» жазған нота сөзі де өзінің тарихи мазмұны жағынан әрі лексикалық құрамы, сөз саптау үлгісі жағынан ала бөтен сипатқа ие. Бұл тұстағы баяндаулар «Оғуз қаганға» кірген, ягни бұрыннан ел аузында жүрген тарихи әңгімені «автор» сол күйінде енгізген.

IX. Батырлық ертегілерге тән мотивтер де, батырлық эпосқа тән мотивтер де, ол мотивтер туғызатын сюжеттер де, ол сюжеттердің картинасы да «Оғуз қағанның» ендігі бөлімдерінде жоқ.

Аренаға енді қаған-Оғуз шығады. Бірақ ендігі қаған-Оғуз ерлік, әрекеттің иесі емес, бұйрықтың кісісі. «Оғуз қағанның» ендігі бөлімі осы қаған-Оғуздың күллі жорықтары баяны. Бірақ осы жорықтардың баршасы соғыс майданының ұлы картинасынсыз баяндалатындықтан, батыр Оғуз да жоқ, оның батыр бектері де жоқ.

X. Батырлық ертектерде, батырлық эпостарда батырды қолдап, көмектесіп жүретін, «жол серігі» не жебеп жүретін құдай, әулие болады: олар батыр жорыққа шыққанда не сырттай қорғап жүреді, не болмаса ауық-ауық көрініп (я өңінде, я түсінде), өзіне ақыл беріп отырады, олар кейбір батырлық эпостарда батырға көмектеседі. Ал киелі ақ түрінде келетін «жол серіктер» батырды бастап отырады. «Ер Төстікте» Ер Төстік жер астына түскен кезде жолдас болғалы Желаяқ, Таукөтерер, Саққұлақ, Қөлтауысар Ер Төстіктің жолын тосып жүреді. Бұл «жол серік» геройлар алтайдың «Маадай Қара» эпосында да бар.

Немесе «Жол серік» батырдың балалық шағында жалғыз қалғанда тап болып қамқорына алады. «Маадай Қарада» «йер — Алтайдың ээзи», «абақай» бесікте жұртта қалған Көгүдей Мергенді бағып қағады.

«Оғуз қағанда» осындай «жол серік» — *«көк жаллуг еркек бөрі»*, арлан қасқыр. Өзінің жорыққа қатысты

әрекетімен көрінетін және бұл әрекеті Оғуз қағанның жорық идеясынан келіп шығып жататын аңыз-әңгіменің өн бойында үш рет көрінетін герой осы *көк бөрі*...

1). Оғуз қаған черігі қырық күн жүріп, Мұз Тағ деген тау етегіне келеді. Қурықанды түсірді, шырт ұйқыға кетті. Таң ертең болғанда Оғуз қағанның қурықанына күндей бір жарық кірді. Ол жарықтан көк түкті, көк жалды үлкен бір еркек бөрі шықты. Осы бөрі Оғуз қағанға сөз айтып тұрды: «Ай, ай, Оғуз, Урум үстіне сен аттанар боласың. Ай, ай, Оғуз, қызметіңе мен жүретін боламын» — деп айтты <...> әскер көк бөрі соңынан жүріп отырды. Бірнеше күннен соң көк бөрі Оғуз қолын Етіл мүренге бастап әкеліп, сол жерде тоқтайды. Оғуз қолы да тоқтайды. Урум қағанмен үлкен соғыс болады, жеңеді...

2). [Оғуз қолы] тағы ілгері кетті. Және одан соң Оғуз қаған көк бөріні көрді. Көк бөрі Оғуз қағанға айтты: «Енді черігпен мұңнан аттан <...> мен сені бастап жол көрсетіп отырамын», — деді. Таң ертең болғанда көрсе, көк бөрі қолды бастап барады екен.

Бір күндер болғанда көк бөрі жүрмей, тоқтап тұрды [Сөйтсе Чүрчіт еліне көлген екен. Оғуз қаған Чүрчіт қағанды жеңді].

3). «Одан соң көк бөрімен бірге Сынды, Таңғут, Шағам жаққа аттанып кетті. Көп ұрыс жасап, Оғуз ол елдерді өзіне бағындырды».

Көк бөрі осылай Оғуз қағанның үш жорығын бастап жүреді. Ал Бараққа деген жердің Масар деген қағанына қарсы аттанған төртінші жорығын баяндаған тұста көк бөрі айтылмайды...

Көк бөрі, біріншіден, аңызда хун-Түріктердің тотемдік арғы атасы; екіншіден, Ашина-Түріктер соғыста «қасқырдың алтындап тіккен басы бар ту» алып жүретін болған (Бичурин, 229).

Өзінің негізі жағынан осы екі деректің қайсысына барып тіреліп те, «Оғуз қағандағы» бұл көк бөрі — фольклорлық образ. Бұл образды батырлық эпостарға тән мотивтердің бірі — жорыққа *«аталардың аруағы»* қолдау мотиві тапқан. Бірақ басқа мотивтердің қай-қайсысының да «Оғуз қағанда» анық, толық көрінбейтіні сияқты бұл «аруақ-жолсерік» мотиві де өзінің эпоска тән толық формасымен, текстік аясымен көрінбейді.

«Шежіреде» Оғуз қаған Ит Барақтан әуелгі соғыста жеңіледі де (ШТ—II, 12) артынан... жыл кейін барып

соғысып, Ит Барақтың жұртын «өзіне қаратады» (ШТ—II, 13). «Оғуз қаған» бұл екі соғысты біріктіріп, бір соғыс етіп, бұл соғыста Оғуз қағанды жеңуші етіп көрсетеді. Бірақ Оғуз қағанды бұл жорыққа көк бөрі бастап бармайды. Көк бөрінің осы бастап бармауында «Шежіредегі» Оғуздың Ит Барақтан жеңілуінің ізі жатса керек.

«Оғуз қаған» «авторы» Оғуздың Бараққа жұртына барып, Масар қағанды жеңуі жорығын көк бөріге *бастатып апармай,* «Шежіредегі» Оғуз қаған жеңілісін мезгеп отырғанмен, эпоска тән дәстүрмен өз геройын үнемі жеңуші етіп көрсету дәстүрінен асып кете алмаған.

XII. Батырлық ертегілерде және осы батырлық ертегі негізінде жасалған батырлық жырларда коллективизм жоқ: барлық оқиға желісі негізінен жеке-жеке геройлардың іс-әрекетіне құрылады; әрекет коллективті әрекет емес, жеке геройлардың дара-дара жасаған іс-әрекеті, Алтайдың «Маадай Қара» эпосындағы Көгудей де, Алпамыс та, Қобыланды да, Қамбар да — бәрі де жеке жүріп жөн табады.

Коллективизм тұтас халықтың өкілі ретінде, халықтық, ұлттық (тіпті мемлекеттік) мүдденің өкілі ретінде көрінетін г е р о й л а р ы бар, өз халқының бостандығы, еркіндігі, ең негізгісі — мерейі үстемдігі мүддесі өзара табыстыратын г е р о й л а р ы бар, жауы жеке бір керемет сиқыр күш иесі боп келмей, өштес хан, батыр, тұтас ел, жат жұрт болып келетін, жалпы халық, жер-су, атамекен дегенге астасатын патриоттық идея сарыны негіз болатын «Манас», «Шах-наме» сияқты *ерлік эпостарға* тән. Бұларда ұлы шеру тартқан қалың әскер бар. Батырлардың ерлік әрекетіне зәру қалың жұрт бар. Бұлар сүйікті батырларымен бірге жабыла атқа қонады, ұлы дүбірлі той жасап, елім деген ерлерді қаумалай көтеріп, қошаметтей, мадақтай алады.

«Оғуз қағанда» осы *коллективизм* белгілі дәрежеде бар. Бұл *коллективизм — әскери коллективизм.* Әрине, бұл коллектив Оғуз қағанның жеке басының мүддесі керегін іздеп аттанатын коллектив емес, ол Оғуз қаған «әскери державаның мүддесі» — феодалдық дәуірге тән әскери биліктің мүддесі жетегіндегі коллектив. Бірақ «Оғуз қағанның» жалпы баяндау техникасына барып тірелетін көмескілік бұл коллективизмді де, осы коллективизмді құрайтын адамдарды да, олардың соғыс әрекетін де өте көмескі береді. Оғуз қағанның өзі соғыс

майданында қалай дараланып көрінбесе, оның «черігтері» де, «ел-күнлері» де, «бектері» («нөкерлері») де солай дараланып көрінбейді.

Оғуз қаған көрші елдерге: «сендерден бой сұну талап етемін. Кім менің аузыма қарамаса дұшпанға есептеп, қаһар атып, әскер тартып, үдере басып, астырып-састырып, жоқ етіп, дегенімді қылармын!» — деп айбар көрсеткенде, осы «солай етермін» дегенінен арғы жерде, осы *айбар-әрекет өз суретімен көрінбейтіні* сияқты, «бір қара тағ тапынғыда урушғу тутулды... Оқ бірле, жыда бірле, қылыч бірле уруштылар... Тутулунч, уруш унч андағ йаман болды кім, Етіл мүреннің суғы қып-қызыл, сіп сіңгір дег болды» (18—19) — дегеннен арғы жерде *осы «қырғын соғыс» өз суретімен көрінбейді:* Осы соғысты жасаушы, соғысушы ел «күнлер», «черік», «беклер» көрінбейді.

«Оғуз қағандағы» соғыстар (тек аталып айтылатындықтан) *соғыс картинасы* жоқтықтан, *өз әрекетімен көрінетін* жеке кісілер де жоқ. Сол үшін де Оғуз-батырдың да образы жоқ, өзге батырдың да образы жоқ.

Қайта «Оғуз қағанда» Оғуз өзінің бейбіт күндегі әрекетімен ғана бейнеленіп көрінетіні сияқты өзге жеке кісілер де соғыстан сырт кездегі, соғысқа қатыссыз әрекеттерімен жіктеліп көрінеді. «Оғуз қағанда» бейбіт сәттің әрекеттері көмескілеу болса да өз *суретімен — әрекетті суретімен көрінеді.*

«Оғуз қағанда» қалың әскер ішінде Оғуздың «бектері» деген категорияға кіріп, өз атымен аталған төрт кісі бар. Бұлар: *Қыпчақ Улуғ Орду бег,* «чалаң—бұландан қоруқмас» Қағарлығ ер, *Қалач Төмүрдү Қағул* чебер, *Қаңлы Бармақлуғ Жостун Білліг чебер.*

Оғуз қағанның бұл төрт нөкері жалпы «Оғуз қағанда» соғыс картинасы жоқ себепті батырлығымен, ерлігімен көрінбейді, соғыстан тыс көлденең әрекетімен көрінеді: егер Улуғ Орду б е г — «йақшы бег» ағашты кесіп, сал жасап Етіл өзенінен Оғуз әскерлерін өткізсе, ер («бедүк қағаз ер бег») Оғуз қағанның Мұзтауына қашып кеткен шауқар атын тауып әкеледі; ал Томурду Қағул (йақшы чебер ер) жорық жолында, елсізде кездескен алтын сарайды ашуға қалдырылса, Бармақлуғ Жосун Білліг чебер («чебер кісі») соғыста олжаға түскен өлі дүниені алып кету үшін *қанға* (арба) жасайды.

Бұл сюжеттердің төртеуі де Оғуз жорығына тікелей

қатысы жоқ кірме сюжеттер. Бірақ батырлық ертегілерде, эпостарда болатын бір мотив — төтен оқиғаға тап болу мотиві, сол төтен оқиғадан тапқырлықпен шығатын сюжеті болады.

Жоғарыдағы төрт сюжет те осы мотивтер тапқан кірме сюжеттер. Бірақ Оғуз қағанның ұлы жорық жолын, осы жорық жолында жүргізген ірі-ірі соғыстарының арасын *толықтыратын, дәнекерлейтін* тіпті *бөлетін* қызметімен бұл сюжеттер «Оғуз қағанның» желісін жасауға қатысып отыр.

Өйткені «Шежіреде» Қалаң әңгімесі өзге варианттта кездеседі. Ал «Оғуз қағанда» бұл кісілерге қатысты әңгіме мазмұны Оғуз қағанның жорық жолы ыңғайына бейімделіп «өзгертілген», осы жорық жолында болуы мүмкін оқиға ретінде редакциялап барып енгізген.

XIII. «Оғуз қағанда» орны ерекше тұрған кейіпкер— *Улуғ Түрүк.* Ол Оғуз қаған «черігінде бар» аталған төрт кейіпкер сияқты емес, оның қызметі, әрекеті бөлек: ол, біріншіден, «Оғуз қағанның *жанында» отыратын кісі,* екіншіден, «ұқұлуқ түзүн ер», үшіншіден, «ақ сақаллуғ, мұз сачлуғ, узун узлуғ бір қарт», төртіншіден, «түйішімел» кісі.

«Бақай «Илнада» жырындағы ақ шашты Нестордың, ортағасырлық француз эпосындағы герцог Нам Баборскийдің, «Джангарнадағы» Алтан Цеджидің «Давид Сасунскийдегі» армян батырларының аға туысы Кери— Торос баба тәрізді эпикалық дастандағы бас кейіпкер жанындағы ақылды кеңесшіні немесе өткендегі аруақты батырлардың аналогиялық тұлғасын еске түсіреді»[8], — дейді.

«Манас» жырындағы Бақай сияқты өзі батыр (қарт батыр), өзі негізгі герой — хан-батыр ақылшысы боп келетін және Манас сияқты әмірші батырлар әрекетін құптауы да, құптамауы да болып отыратын, хан-батырға толық *тәуелді* емес, қайта өкімі жүретін ірі дара личностылар қағандар әулеті тарихында, осы тарихты әдеби бейнелеуі тарихында болып отырған. Ежелгі хундарда мұндай даналарды *чжуки* деп атаған[9]. Көне түріктерде *өге* деп, *білге* деп аталған кісілер болған... «Тоңуқұқ Сөзі» (716 ж.) деген Толғау сөзде *Тоңуқұққа «білге»* сөзі қосылып *Білге Тоңуқұқ* деп атала тұрса да,

[8] *Жирмунский В. М.* Тюркский героический эпос Л., 1974. С. 62.
[9] Сонда.

оның қаған қасындағы қызметі «айғучы» деген атпен аталатын қызмет болған: «қағаны алп ерміс, айғучысы білге ерміс» (Тон., 10). Қазақтың аңыз-әңгімелерінде хан қасында болып, ханға ақыл қосып отырған «Түгел сөздің түп атасы» атанған Майқы би, одан соңғы Асан Қайғы, Сыпыра Жырау, Төле би, Бұхар жырау т. б. болған. Майқы би арғысы Хотан хан, бергісі Шыңғыс ханға жанастырылып XII соңы XIII ғасыр басына тән аңыз-әңгімелерде жүрсе, Асан қайғы XIV ғасырда Әз Жәнібек хан қасында болады. «Едіге тудалы жырда» Сыпыра жырау Тоқтамыс хан қасында болып, *Болжау сөз, Ақыл сөз* айтады. XVIII ғасырда Абылай ханның қасында отырып Бұхар жырау кеңесші болады. Халық тарихи осы шындықтардың жиындық қорытындысы, тарихи айғағы ретінде «Әр ханның тұсында бір сұрқылтай» деген мақал жасады. Бұл бүкіл бір тарихи категорияның анықтама-рекламасы сияқты.

Ал «Шежіреде» осы Улуғ Түрүкке жақын келетін бір кісі бар «Оғуз ханның уйғур деп ат қойған жамағатының ақ сақалымысының оғлы бар ерді Ирқыл Қожа атлығ. Оғуз хан тахтында олтуруп та ол күнче вазир өкілі ол ерді, ақыл уа даншлы уа көп біліглі кіші ерді уа Күн хан тақы оны вазир қылып та ерді. Өзі ол күнче оның сөзіне амал қылур ерді» (ШТ, II, 16).

Бірақ Ырқыл Қожа Оғуз хан тұсында көрінбей, Күн хан тұсында көрінеді және оның өсиетімен Оғуз қаған емес («Оғуз қағанда» бұл іс — Оғуздың әрекеті), оның баласы Күн хан әкесінен қалған жұртты «патшаһзадалардың улуғына улуғча уа кічігіне кічікче бөліп берді» (А. II, 17).

Біріншіден, «Шежіредегі Ырқыл Қожа шығыстық дәстүрмен, Оғуз ханның уәзірі, екіншіден, «Шежіре» жанрының мазмұны желісіне, идеялық бағытына қарай Ырқыл Қожа Оғуз хан құрған *йурт* оның ұрпағының *алауыздығынан* бытырап кетер деген қауіп ойлайды және осы *йурт* қолда тұрғанда оларды Оғуз хан ұрпақтарына тең бөліп беруге кеңес етеді.

«Оғуз қағанда» Улуғ Түрүк әрекеті басқаша: мұнда ол сәуегей, әулие образына жақын образда көрінеді: ол күллі Оғуз ұрпағының тағдырына қатысты түс көреді: «Күнлерде бір күн уйқуда бір алтун йа көрді тақы үч күмүш оқ көрді. Бу алтун йа күн тоқушыдан да күн батушығача теккен ерді, тақы бу үч күмүш оқ түн йаңғаққа кете турур ерді. Уйқудун соң түште көргенін Оғуз қағанға білдүрді» (36). Біріншіден, бұл түс — Оғуз әулетінің *Үчоқ* және *Бузуқ* болып бөліну сюжетін туғызған мотив, яғни эпосқа тән мотив; екіншіден, Оғуз ұрпағы үшін түсінде «йай» мен оның «үш оғын» көріп жайды Оғуздың үш баласына мұра етіп, үш оқты Оғуздың екінші үш баласына мұра етіп, олардың бүкіл келешегіне атадан балаға мұра еткен *жауынгерлік идеяны* алға тартады. Өз түсіне өзі жорық айтып, «Бенге көк теңрі берді түшүмде, келдүрсүн. Талай турур йерні уруғуңға бердурсун» (37,1) — деп осы Оғуз ұрығының жаулаушылық әрекетін көк тәңірінің өзі берген, сол ұйғарып отырған әрекет ретінде дәріптеп уағыздайды. Бұл таза тарихи негізде (Оғуз династиясының әлемді билеу мүддесі ретінде) туған идея. Эпос үшін мұндай реалды жайды өз шындық аясында ғана айтып қою тіпті де жат. Ол — бәрін әуелі «болатын» етіп, артынан дәл сол айтқандай «болдырып» қояды.

«Оғуз қағандағы» бұл Улуғ Түрүк, өзге *Қыпчақ, Қанғалы, Қалач, Қағарлығ* кісі аттарын («Шежіредегі» тайпа аттарын) этимологиялау мотиві сияқты, Оғуз ұрпағының екі лагерьге оң және сол лагерьлерге бөліну, олардың «Үчоқ» және «Бузуқ» деп аталу жағдайын тарихтау мотиві алып келген. Ал бұл данышпан ақыл иесінің аты *Улуғ Түрүк* болуы да осы мотивтен туған: бұл — бүкіл түрік жұртының ортақ ақылшысы болған жиынтық образ. Жүз тоқсан жасаған Сыпыра, үш жүз жыл жасаған Қорқыт сияқты әруақ иесі, киелі кісі ретінде көрінеді.

Оғуз ұрпағына тән «Үчоқ» және «Бузуқ» түріндегі екіге бөлінуді тарихтайтын бұл мотив — оғуздардың «24-тік жүйесінен» бұрын дүниеге келген мотив болуы.

Және «Оғуз қағанда»: «Йа атты оқны, Оқлар дег сенлер болуң» (40. 3) — дегендегі ой «Шежіреде»: «йай уа оқны кі табыб келтүрдігізгілер. Ол — *кішіден болмады, теңріден болды.* Біздің бурун өткен халқлар йай-ны падишаһ орнында біліп турурлар, оқ-ны елчі йерінде. Аның үчін кім, йай оқ-ны қайсы тарафқа тартып йіберсе, оқ аңа барур. Емді мен өлгендін соң Күн хан менің тахтымда олтурсун, Андын соң Бузуқ насліндін һәр кім қабул болса, халқ оны патшаһ қылсунлар...

...Үчоқлар сол болсунлар, евнің сол тарафында олтурсунлар, уа дүниа ахр болғунча нөкөрлікке разы болсунлар» (А. II, 16; А. I. 28—29) — деген түрде өте анық айтылған. Демек, бұл Оғуз әулетінің жігі бұзылмаған—

билікке өзге Байандур. Қынық әулеті келмеген—«ынтымақты» кезеңіне дейінгі мотив. Сол сияқты «Қорқут ата» жайлы аңыз әңгіме Оғуз арасында туғанға дейінгі — X ғасырға дейінгі [10] дәуірде туған мотив.

XIV. «Оғуз қағанда» бөлекше кейіпкерлер Оғуз қаған алған екі қыз және олардан туған алты ұл.

Эпостық жырларда батыр тумай тұрып не туған соң әке-шешесі өзіне *айттырып* қойған қызды — *қалыңдық* қызды алады. Өздерін әке-шешесі қартайғанда зарығып жүріп қалай тапса, бұл қалыңдық қыздар да дүниеге солай келеді («Қобыланды»). Немесе батыр ұлға қамқоршы әулиелер не ақсақал қарт «пәлен жерде пәлен ханның қызы бар, сенің қалыңдығың сол» деп айтып отырады. Ал қалыңдық іздеп шығудың, алудың өзі белгілі мотивтер негізінде барып іске асып отырады («Алпамыс»). Ең бастысы бұл қалыңдық біреу ғана болады («Қамбар»).

«Оғуз қағанда» Оғуздың қалыңдық іздеуі де, қалыңдықтың кім болып келуі де бөлекше.

«Кене күнлерде бір күн Оғуз қаған бір йерде *теңріні жалбарғуда* ерді. Қараңғулуқ келді. Көктүн бір көк йаруқ түшті. Күндүн айан, айдан куғулғулуғрақ ерді. Оғуз қаған йурүді, көрді кім ошбу йаруқнуң арасында бір қыз бар ерді, йалғуз олтурур ерді. Йақшы көрүклүг бір қыз ерді. Анұң баш(ы)нда аташлуғ йаруқлуғ бір меңі бар ерді. Ошул қыз ондағ көрүклүг ерді кім күлсе көк теңрі күле турур, йығласа көк теңірі й(а)ғлайа турур (6—7). Міне, бірінші қыз осы сипатта. Ал екінші қыз туралы «Оғуз қаған» былай дейді:

«Кене бір күн Оғуз қаған ауға кетті. Бір көл арас(ы)нда алындан бір (й)ығач көрді. Бу йығачнуң қабучағында бір қыз бар ерді, йалғуз олтурур ерді, йақшы көрүклүг бір қыз ерді. Анұң көзі көктүн көгрек ерді, анұң сачы мүрен усуғы дег, анұң тіші үнжү дег ерді. Андағ көрүклүг ерді кім, йернің ел күні аны көрсе: ай, ай, ах, ах! өлербіз деб, сүттен қымыз бола турурлар» (8—9). Міне екінші қыз осы сипатта.

Бұл екі қыз да өздеріне тән әрекетімен көрінбейді, образын ашар қасиеттерімен көрінеді. Өздеріне тән осы қасиеттерінде көлегейленіп, тасаланып тұрған әрекет ізі де аңғарылады.

[10] Книга моего деда Коркута. М.; Л., 1962. С. 173; *Бартольд В. В.* Введение к переводу «Книги Коркута». М.; М., 1922.

1). Алғашқы қызда Оғуз бір жерде *тәңіріге жалбарынып* отырады.

Бұл жерде «тәңіріге жалбарыну» әрекеті қандай мотивпен келіп барып көрінгені көмескі, эпостың жүйелі желісі тұрғысынан қарағанда аңыз-әңгіменің бұл тұсы қалыңдық іздеу мотивіне өте жақын тұр. Бірақ мотивтік форма өзінің анық белгілерімен дараланып көрінбейді. Аңыз-әңгіменің бұл құрылысынан үйлену Оғуздың ісі емес, тағдырдың өз ұйғарымы екендігі байқалады: Оғуз жалбарынып отырғанда «қараңғулуқ (кеш) келіп», аспаннан «көк жарық» (көк сәуле) түсті, сол «көк жарықтың» арасында бір қыз «бар» екен. Бұл — «көк жарықтан» пайда болған Көк тәңірінің қызы. Жарықтан (сәуледен) жаралғандықтан оның меңі «отты жарық», ол Көк теңірінің «көк жарықтан» жаратқан қызы болғандықтан, «жердің ел күні көретін» қыз емес, көк теңрі ортасында жүріп солардың көзімен көрілетін ғана қыз: сол үшін де егер «қыз күлсе, көк теңірі қосыла күледі», егер «қыз жыласа, көк теңірі (бірге) жылайды».

Аңыз-әңгіме қыз атын атамайды. Себебі: ол адамзат перзенті емес, Көк теңірінің қызы.

Аңыз-әңгіме Оғуз қағанға осылай Көк перзентін жолықтырып (дәлірегі қалыңдық ретінде ұйғарып), оның «өзін кетіріп» (есін кетіріп) сүйдіреді, алдырады. Эпостық жырларда болатын, өзіндік ерекшелігі бар *неке түнінің* оқиғалы суреті «Оғуз қағанда» «алды, анұң бірле йатты, тілегүсін алды» деген өте сарап хабар сөзде беріледі.

«Көктен түскен» «көк жарық» ішіндегі осы қыз Оғуздан «төл боғаз болып», «үш еркек оғыл» туады: біріншісін *Күн,* екіншісін *Ай,* үшіншісін *Йұлдуз* деп атады. Аспан әлемінен түскен көк жарық ішінде келген қыздан туған балалар осылай аспан әлемінің үш жарығы *Күн, Ай, Жұлдыз* атымен аталады...

2). Екінші қызда «Оғуз қаған ауға кетеді (дәл бірінші қызға қатысты текст сияқты қалыңдық іздеу мотиві бұл жерде де көмескі: Оғуз «ауға шығады», «ау аулауға кетеді»). Бірақ Оғуз жалбарынып, тәңіріге бағышталатын әрекет істеп отырған жоқ, «ауға шығып», адамзаттың өзіне қас әрекет істеп отыр. Оғуз осылай өз бетімен келе жатады. «Көл арасы», көл арасында «бір ағаш», осы «ағаштың қуысында» жападан жалғыз отырған бір қыз.

Бірінші қыз «көктен түскен көк жарық арасында»—

аспандық дүние арасында отырса, бұл екінші қыз «көл арасында» «ағаш қуысында» — жерлік заттар ортасында отыр. Жер қызы, ол «жердің ел-күніне» тән, солардың көзімен көрінетін қыз: сол үшін де «жердің ел күні» оның көркін көрсе есінен танып, «сүттен қымыз» боп шамырқанып, қызуы тасып, құмары артып шыға келеді. Аңыз әңгіме бұл қыздың да атын атамайды. Себебі ол адамзат перзенті емес, Жер-ананың өз қызы. Аңыз әңгіме Оғуз қағанға осылай Жер-ана перзентін жолықтырып (дәлірегі қалыңдық ретінде ұйғарып), оның «өзін кетіріп» (есін кетіріп), жүрегіне от түсіріп, сүйдіреді, алдырады. Бұл жерде де эпостық жырларда болатын *неке түнінің* оқиғалы суреті жоқ, олар орнында «алды, ануң бірле йатты, тілегүсін алды» деген өте сараң хабар сөз ғана бар.

Жер-ананың «көл арасында», «ағаш қуысында» отырған осы қызы Оғуздан «төл боғаз болып» «үш еркек оғыл» туады: біріншісін *Көк,* екіншісін *Тағ,* үшіншісін *Теңіз* деп атады. Жер-ананың өз қойнындағы қыздан туған балалар осылай жер бетінің үш ең ірі де қасиетті дүниесі *Көк* (күллі өсімдік атаулы), *Тағ* (күллі биіктік атаулы), *Теңіз* (күллі тіршілік нәрі су) атымен аталады.

Аңыз-әңгіме Оғуз қағанның өзі жайлы ғана болғандықтан, бұл балалары өз әрекетімен көрінбейді. Мұның өзіндік себептері бар: біріншіден, шежіре атаулы (эпостық жыр да) өз объектісі етіп үнемі дара кісілерді — батырды, қағанды алады, өз сюжет желісін осы дара кісілердің әрекетіне құрады. Оларды қартайтып барып, «мұрат-мақсатына жеткізіп» барып аяқталады. Бұл «мұрат-мақсатына» жетудің бірден-бір кепілі — балалары болуы, солардың атқа қонып, ел шетін қоритын батыр болуы не өз орнына бірін қаған қойып, біріне жеке жұрт бөліп беріп, бөлек қоюы т. с. с. түрінде істердің орындалуы.

Міне, осындай мұрагерлік мотиві туғызған сюжет: Улуғ Түрүктің түс көруі, түсінде «алтын жай», «үш күміс оқ» көруі, осы алтын жай мен үш күміс оқты Оғуздың балаларының «талай мекен жайды» өздеріне қаратып аларына жоруы. Осы болашақ билікке бұл екі шешеден туған алты ұлдың қай шешеден туғандары ие болары мұрагерлік дәстүрінде ең өзекті мәселе. Кімге не енші болуы керектігі сол түсте көрген алтын жай мен үш күміс оқты қайсыларының табуына байланысты. Осы жазмыштық қасиетке ие жай мен оқта қай шешенің

балаларына нендей үлес тиесілігі тылсым түрінде «айтылып қойылған». Түсте *жай* (ол алтын жай болуы) көруі және *оқ* (ол үшеу болып және күміс болып, жайдан бір саты қасиеті төмен болып келуі) көруі осы мотивтің негізінде келіп шыққан. Ол ол ма, Оғуз әулетінің «бұзақ» және «үчоқ» болып бөлінуінің тарихы үшін де, таққа мұрагерлік осы екі тайпаның қайсысына тиесілігі үшін де бұл мотив керек.

Бірақ эпостық жырлардың тәсілінде сюжет желісі, оқиға, ой барысы — барлығы алдын ала ұйғарылып, ойластырылып қойғандай дамытылуы тиіс. Түсте көрген «алтын жай «күн шығыстан күн батысқа дейін» тиіп тұр да, ал «үш күміс оқ» түн тарапқа (терістікке) кетіп бара жатады». Оғуз қаған Күн, Ай, Жұлдыз деген *үш үлкен баласын* алтын жай бар «таң атар жаққа» аң аулауға жұмсайды, ал Көк, Тағ, Теңіз деген *үш кіші баласын* үш күміс оқ кеткен түн тарапқа аң аулауға жұмсайды. Үлкен үш баласы киік, құс аулап, «жолда бір алтын жай» тауып алады; үш кіші баласы киік, құс аулап, «жолда үш күміс оқ» тауып алады. Ұйғарылып қойғандай шешіледі. Тапқан олжаларын аталарына әкеліп береді. Осы жай мен оқты тауып әкелумен балалар өздерінің мұрагер ретінде енші алуға дайын болып қалғандықтарын жария да етіп отыр.

Үш үлкен баласы тауып әкелген алтын жайды Оғуз қаған үш бөліп үш үлкен баласына бөліп берді. Оларға:

Иа болсун сенлерңүң,
Иа дег оқларны көккече атың! —

деді. Үш кіші баласы тауып әкелген үш күміс оқты Оғуз қаған үш кіші баласына үлестірді. Оларға:

Оқлар болсун сенлерңүң,
Иа атты оқны,
Оклар дег сенлер болың!

деді. Осы сөзбен үш үлкен баласына не нәрсе мұрағa тиерін, үш кіші баласына не нәрсе мұрағa тиерін сездіреді...

Оғуз қаған үлкен құрылтай шақырып, өзі ордада отырады да, *оң жағына* қырық құлаш ағаш қадатып, басына *алтын тауық* қойдырып, түбіне *ақ қой* байлатады, ал *сол жағына* қырық құлаш ағаш қадатып, басына *күміс тауық* қойдырып, түбіне *қара қой* байлатады. Оң

жаққа Бузуқтар (Күн, Ай, Йулдуз), ал сол жаққа Үчоқтар (Көк, Тағ, Теңіз) отырады. Сөйтіп *алтын садақ* табу, — Құрылтай кезінде *алтын тауық* басына қойылған, *ақ қой* түбіне байланған белгі түбінде *оң жақта* отыру, яғни *күміс оқ* тапқан *күміс тауық* басына қойылған, *қара қой* түбіне байланған белгі түбінде *сол жақта* отырған Үчоқтарға қарағанда ерекше артықшылықтарға ие болу — мұның бәрі Бузуқтарды таққа мұрагер ету мотиві тапқан артықшылықтар. Демек, Оғуздың алты ұлы жайлы сюжет, олардың әрекеті — Оғуз қаған жайлы аңыз-әңгіменің аяқталу бөлімі Оғуз қағанды мұратына жеткізу, алты мұрагерге енші үлесін беру мотиві негізінен келіп туған.

3. «ОҒУЗ ҚАҒАНДА» БАР ЖАЛҚЫ ЕСІМДЕР ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ СОЛАЙ АТАЛУ МӘНІ

1. **Оғуз қаған.** Оғуздың кім екені жайлы жазылған еңбектер мол және олардың Оғузды танып білуі де әр алуан. Бірінші, Оғуз деген кісінің болуы және оның күллі оғуз руларының арғы, түпкі атасы болуы барынша шартты. Оғуз-кісі (дәлірегі Оғуз атты қаған) оғуз руларының өз «оғуз» этноним атын тарихтаудан келіп, бергі руға айналған аталардың (сүйек, бой) тегін бір кісіден шығару идеясынан келіп, *ата шежіресі* ойлап тапқан ат.

Екінші, оғуз рулары жасаған шежіре-тарихтың қиялдан туған бөлігіне тән бұл образ тарихи болған бір кісінің прототипі екенінде дау жоқ. Оғуз — тарихи негізі бар әдеби образ.

«Оғуз қаған» аңыз-әңгімесі мен «Шежіредегі» Оғуз қаған үшін прототип «Хун державасының атақты қағаны (біздің эрамызға дейінгі 209—174 жылдары) Модэ болды. Н. Я. Бичурин «Модэ Азия тарихында атақты Оғуз Хан атымен белгілі»[11] деп Оғуз бен Модэ бір тарихи кісінің екі түрлі атпен аталуы ғана дегенді мезгеп, тарихи шындыққа өте жақын келген.

Ежелгі «Хун державасының» осы қағаны жайлы аңыз-шежіре жасалып, кейін аңыз-шежіренің несі өзгертіле келіп, ежелгі хундардың ұрпақтары «оғуз» (уыз, уыздас), (сүттес), (емшектес) деген жиынтық атпен аталып, осы аттың мәні ұмытылған кезде, бұл этноним атауды кісі атына — өздерінің арғы бабалары атына айналдырып алды да, байырғы аңыз-әңгімені — Модэ қаған жайлы аңыз-әңгімені Оғуз атына теліді. Сөйтіп *оғуз* тайпа бірлестігінің Оғуз қағаннан тараған «тарихы» жасалды.

Бұл «тарихтың» алғашқы ежелгі негізі хундардың Ашиа ұрпағы тарих аренасына келгенге дейінгі жерде (VI ғасырға дейін) жасалып болған *.

2. **Оғуз балалары:** *Күн, Ай, Йулдуз; Көк, Тағ, Теңіз.* Бұл *үштік системалы* дәлірегі *екі үштік системалы* есім-аттар да таза шартты есім-аттар. Оғуз қаған жайлы шежіре-аңыздың жасалуы барысында таза ойдан шығарылған есім-аттар. Бірақ атау сөздер ойдан шығарылмағанмен, *үштік системада* тарихи негіз бар. Күн, Ай, Йулдуз және Көк, Тағ, Теңіз түрінде үш-үштен жұптасу — бұл модель. Бұл модельге негіз болған нәрсе оғуз руларының әкімшілік системасы.

Ежелгі *оғуз* тайпасы 24 рудан құралды. Оғуз халқының бөліну тізімі бізге бір-біріне қатыссыз екі редакцияда келіп жетті: бірі Махмуд Қашғаридің еңбегінде болса, екіншісі Рашид-ад-диннің еңбегінде. ...Махмуд Қашғаридың көрсетуінде «оғуз рулары әуелде 24 болған, бірақ олардың құрамында болған екі ру (аттары келтірілмеген) халачтар оғуздан бөлінген, демек, М. Қашғари тұсында оғуздар 22 ру болған»[12]. М. Қашғари оғуздың 22 руының атын, тамға суретін келтіріп, «бұл аттар **ол тайпалардың ең байырғы бабаларының есімі**»[13], — дейді. Рашид-ад-дин бойынша оғуз рулары ең ежелгі дәуірден оның заманына дейін әр уақытта да 24 болды және олардың бәрі оғуздардың арғы атасы Оғуз қағаннан шығады; оның алты ұлы болды, ал олардың әрқайсысының төртеуден ұлы болды; бұл немерелерінің аты одан тараған рулардың аты болды»[14].

Демек, XI ғасырда Оғуздар 22 (не 24) рудан тұрған. М. Қашғаридың «бұл рулардың аттары олардың ең байырғы бабаларының есімі» дегеніне қарағанда, М. Қаш-

[11] *Бичурин Н. Я.* Собр. соч. Т. 1. С. 56.

* XV ғасырға тән «қазақ» бірлестігінің, ал XVI—XVII ғасырға тән үш жүз (Ұлы жүз, Орта жүз, Кіші жүз) бірлестігінің, тарихи шындықтың аңызға айналып, осы бірлестік атауларының кісі атына (қазақ) не бір үш кісіден шығуына (Ақ Арыс, Бек Арыс, Жан Арыс) көп уақыт керек болған жоқ. Бұл аңыз XVIII ғасыр мен XIX ғасыр басында толық жасалып болды.

[12] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. 1. М.; Л., 1963. С. 374.

[13] *Қашғари М.* ДЛТ. 1-т., 91-б.

[14] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. 1. М.; Л., 1963. С. 374.

ғари дәуіріндегі оғуз рулары өз ру аттарын рудың ең арғы түп атасының аты, кісі аты деп білген. Бірақ М. Қашғари Оғуз атты қағанды, олардың 6 баласы, бұл алтауының төрттен 24 баласы жайлы шежірені келтірмейді. Бұл толық заңды. Өйткені XI ғасырда, оған дейін түрік халықтарын (оның ішінде оғуздар да бар) мұсылмандық шежіре ықпалымен **Түрк** атты кісіге апарып тіреу, ал Түркті *Яфет пайғамбардың* баласы етіп шығару сияқты жаңа шежіре «Қақания» әулетінде жасалып қалған еді. «Орта ғасырда христиандардағыша» мұсылман әлемінде т е к туралы ұғым библия аңыздарына барып тірелді. Мұсылмандарда Нойдың үш ұлы Көне Дүниенің үш түсті (ақ, қара, сары) адам баласының тегі деп есептелінеді»[15], **«Хам** — негрлердің атасы, **Сам** — араб пен парсының атасы, **Яфет** — Түрктің атасы», — деп есептелінеді. Түріктер Яфетті Абулжахан деп те біледі[16]. XII ғасырдағы парсы авторы **Яфеттің екі «ақылды» балалары** Түрк пен Хазарды атап, ...Түрктің төрт баласын: Тутель, Чичиль, Барсхан мен Илакты келтіреді[17]. Рашид-ад-дин Абулжаханның баласы Диб-Бакуй, оның Қарахан, Орхан, Көр Хан, Көз Хан деген төрт баласы болды, ал Қара ханның баласы Оғуз хан десе[18], «өзге бір шежіреде Яфеттің жеті ұлының біреуі Менинг (не Минг?) болды, ал оның баласы Гуз болды»[19], — дейді.

Міне, XI ғасырда және оған дейін түрік халықтарының арғы тегін Түркке, одан Яфетке апарып тірейтін шежіренің редакциясы қалыптасқан, яғни мұсылман мәдениетіне бейімделген жаңа тіршілік қалпы бар «Қақания әулетінде» жаңа шежіре қалыптасқан, Түрк Яфет культы үстем болған кезде Оғузға барып тірелер шежіре тек қана оғуз тайпасының өз ішінде, тар көлемде сақталып қалды.

Бірақ оғуздардың *оң жақ* және *сол жақ* болып бөлінну дәстүрі «Үчоқ», «Бузуқ» деген *үстеме этноним атауын* туғызғаны сияқты бұлардың іштей үш-үштен бөлінуі «үш атадан» екі бөлінуі «Оғуз» атты қағанды, «Оғуз» атты аталарын *ойлап тапқан* сияқты Күн хан, Ай хан, Йулдуз хан және Көк хан, Тағ хан, Теңіз хан деген Оғуз қағанның алты баласын — өздерінің арғы аталары атын дәлірегі 24 оғуз руының әрбір 4 руының ортақ атасының атын ойлап тапты. (Бұл шежіреде де қазақтардың үш Жүзге бөліну жүйесі олардың үш кісіден тууын және олардың атын, әрі бұл үш кісінің Қазақ атты кісіден тууын еске түсірген мақұл болады).

Оғуз тайпасының 24 рулық жүйесі де, олардың 6 топқа бөліну жігі де, әрбір үш топтың оң жақ және сол жақ болып бөліну жүйесі де «Хун державасын» құрған Модэ дәуіріне тән 24 старшинадан құралған, яғни *түмен* басы деп аталған *Қаған кеңесшілерін*[20], Қағанаттың *Орда бөлігінен* басқа *оң қол* және *сол қол* деп бөлінген екі кіші хандығын, оң қолды және сол қолды билейтін *екі кіші хан* мен *екі орынбасар кіші ханды* және әр «оң жақ» пен «сол жақтың» әрбір үш атасының басында отырған үш-үштен *үлкен билерін* — 6 бiiн (яғни Оғуз қағанның үш үлкен баласы және үш кіші баласы болғаны сияқты) еске түсіреді.

Демек, «Оғуз қағандағы» екі шешеден үш-үштен туған *алты ұл* (және «еркек оғул») оғуз әулетінің (оғуз руларының) әкімшілік бөлінісінің жүйесі тапқан, ойдан туған балалар. Ал оларды *Күн, Ай, Йулдуз* және *Көк, Тағ, Теңіз* деп а т а у өте көне салттың ізін аңғартады: рулық құрылыстың көп құдайлық ұғымы үстем болып тұрған, бірнеше рудың өзді-өзі сыйынатын, еншілеген құдайы болған дәуірді аңғартады.

3. **Улуғ Түрүк.** Бұл атау жайлы А. М. Щербак: «Біз Улуғ Түрүкті «Монғолдың құпия шежіресіндегі» (а тунімал с бэкі) дана Усунмен салыстырамыз («Монголдың құпия шежіресіндегі» Шыңғысхан «бек деп атайтын мемлекеттік волхва тәрізді қызмет орнын жасады» деген жермен салыстырыңыз)[21], — дейді. Эпостық жырларда қаған қасында *өге* кісілердің болуы негізгі мотив (жоғарыда айтылған: 335 беттер). Олар көп жасаған қарт болып келеді: хан қасындағы Сұфра жырауды «192 жасаған, Қаздың етін асаған деп» суреттейді. Ал Абылай қасындағы Бұхар өзі жайлы: «Менің жасым тоқсан үш, бұдан былай сөйлеуім, маған да болар ауыр күш»,— дейді.

Улуғ Түрүк — «Оғуз қағанның» авторы ойлап тапқан есім-ат. («Шежіреде» — *Иркыл қожа*) «Түрк» сөзі әуелде саяси термин ретінде дүниеге келді де, Батыс Түрк

[15] Сонда. 578-б.
[16] *Рашид-ад-дин.* Аталған еңбек.
[17] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. С. 579.
[18] Сонда.
[19] Сонда.

[20] *Бичурин Н. Я.* Собр. соч. Т. 1. С. 49.
[21] *Щербак А. М.* Огуз-наме... С. 97.

қағанатының құлауымен бірге 740 жылдар шамасынан бастап саяси термин ретінде қолданылудан шығып қалды»[22].

Қарлұғ, Түркеш, Уйғур, Қырғыз билігі сияқты жеке бір тайпа биліктері ілгері шықты. Осы кезде VIII ғасырдың «Күл тегін», «Мойын Чур», «Тоңуқуқ» сияқты ескерткіштерінде жоқ, ал XI ғасырда М. Қашғари келтіретін ру, тайпа аттары «дүниеге» келді. Халықтың біртұтас әкімшілік орталығы болмай, рулық бытыраңқылық «ру басы бір хан» болған заман ілгері шыққан кезде рулар әрі жіктеледі, әрі «молаяды». Ал X ғасырда Қашғарда және Баласағұнда түрк қағаны (дәлірегі Түрік Қағанаты. — *Қ. Ө.*), бұл жолы мұсылман түріктері қағаны қайтадан пайда болған кезде, олар өздерін, өз халықтарын түрк деп атады... Осыдан түрк сөзі саяси термин мәнін алып, «оғуз» сөзі — этнографиялық мәндегі сөзге айналды деп біршама сеніммен айтуға болады[23].

Міне, осы VIII—X ғасыр арасында дәлірегі X ғасырда бір кездегі саяси термин *түрүк* сөзін кісі атына айналдырған, онда да күллі түрік халықтарының арғы атасының атына айналдырып барып жаңадан жасалған шежіре туды, **Түрк** атты *тек-ата* ойлап табылды.

Бір шындықтың көмескі ізі көрінеді: хандық ежелден өз әулеттерінен шығып келген оғуздар және бұған дейінгі өздерінің Оғуз ханнан тараған шежіресін жасаған оғуз тайпасы Оғузды ығыстырып, Түркті *тек-ата* деуге «келіспеді», бірақ жаңа ұрпақ жасаған «Түрк» атты *тек-атаға* тірелетін шежіре оғуз әулетін Түркті біршама мойындауға алып келді. «Оғуз қағанның» осы X ғасырдан кейінгі вариантына «түрк» *Улуғ Түрүкке* айналып барып, Оғуздан бұрын дүниеге келген, «ақ сақалды, мұз шашты, ұзын узлуғ бір қарт кісіге» айналып барып енді. Ал «Шежіре» болса, бұл Улуғ Түрүк орнына Иркыл хожа (таза мұсылмандық негізде жасалған ат екенін Иркылдың Хожа болуы анық көрсетіп тұр. Бұл жерде де Қазақ деген кісінің үш баласы болды, олардың Мейрам сопы т. б. түрлерінде аталуын ескеру керек) деген есім-атты алды. Бірақ «Шежіреде» оны Оғуздың көзі тірісіндегі тарихи әрекетке әкеліп кірістіре алмай, Оғуз ханның баласы Күн ханның тұсына әкеліп кірістіреді, онда да «Оғуз ханның ұйғур деп қойған жамағатының ақ сақалдысының оғлы бар еді Иркыл Хожа атлық, Оғуз хан тахтында» отырғаннан өлгенше уәзір ерді деген «тарих» қосып барып кірістірді. Сөйтіп «Шежіреде» бұл тұста да ұйғырға бұру тенденциясы анық көрінген.

4. **Алтын қаған.** «Оғуз қағанда» былай дейді: «Оң жанақта Алтын қаған деген бір қаған бар ерді. Ошбу Алтын қаған Оғуз қағанға елчі йумсап, ...ағызыға бақынды» (13—14).

«Оғуз қаған» аңыз-әңгімесі Оғузды Алтын қағанмен соғыстырмайды және Оғуз таққа отырып, төңірегіне айбарлы жарлықпен елші жібергенде бірінші болып «көп телім алтун күмүш тартып, көп телім қыз йақұт таш алып, көп телім ерденілер йіберіп йумшап, Оғуз қағанға сойурқан «берген де, ағызға бағынған» да осы Алтун қаған.

Алтын қаған деген есім-ат аңыз-әңгіменің өзі ойдан тапқан лақап ат. Жау елден өз геройына жақтас табу— эпостық жырдың негізгі бір мотиві («Алпамыс»).

Көрші ел қағанына бірінші болып елші жіберткізіп, есепсіз алтын-күміс тарту тарткызып, дос көңілмен бағындыртқызып, атын **Алтын қаған** қойып отыр.

«Шежіреде» Оғуз қаған әулеті барып татарды шапты (Абулғазы. II, 12). «Мағул уа татар өз сүңгі ерді, алар бірлен йетміш екі йылғача ұрышты, йетміш үч жыл болғанда барчасын өз ағзыға бақтуруп, мұсылман қылды» (А. II, 12).

Ал жылнамада Модэ жайлы: «Модэ атқа қонды, кімде-кім ермей қалса, сол адамның басын алыңдар деп жарлық берді. Бұдан соң Шығысқа қарай аттанып барып, Дун-Худы тұтқынылда басты. Өз әскерімен келіп Модэ оны қирата жеңді, Дун-Ху ордасын жойды, қарауындағы елін, мал-мүлкін өзіне қаратты»[24], — дейді.

Үш ескерткіш бірдей айтатын, бірінші рет болатын осы жорықта және «Шежіренің» «моғул мен татар өз сүйегі еді» дегенінде әрі бұл бірінші жұрттың қағаны «Алтын қаған» аталуында тарихи негіз әрі сабақтастық бар.

Алтун қаған — тарихи негізі бар образ. Ол — Модэ бірінші рет аттанып барып шабатын Дун-Ху жұртының, Оғуз хан бірінші рет аттанып барып шабатын татар жұрты қағанының прототипі.

[22] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. I. С. 553.
[23] Сонда.
[24] *Бичурин Н. Я.* Собр. соч. Т. 48.

5. **Урум қаған.** «Оғуз қаған» былай дейді: «Чоң жаңақыда Урум деген бір қаған бар ерді. Ошбу қағанның черігі көб-көб, балықлары көб-көб ерділер ерді. Ошул Урум қаған Оғуз қағаннуң жарлығын сақламас ерді, қатағлағу армас ерді. Мұны сөз сөзні тутмасман, турурман!— деп жарлыққа бақмады» (14—15).

Осы Урум қағанмен «Ітіл мүреннүң құдуғыда, бір қаратағ тапығыда урушғу тутулды... Тутулунч, урушунч андағ йаман болды кім, Ітіл мүреннүң суғы қып-қызыл, сіп сіңгір дег болды, Оғуз қаған башты, Урум қаған қачты. Оғуз қаған Урум қағаннуң қағанлуғын алды, ел күнін алды» (18—19).

«Шежіре» Оғуз қағанның бұл Урум қағанымен соғысын білмейді.

«Оғуз қағанда» бұл Урум қаған жайлы әдебиетте біраз пікірлер бар.

«Хун державасын» құрған Модэ кезінде оның Батыс Хун қағанаты 176—174 жылдары *Юечжыды* қиратып, *Лэулэнь, Усунь, Хусс* және 26 шет аймақты алмас қылыш астына алып немесе бәрін қаратып»[25], яғни Шығыс Түркістанды, Орта Азияны, батыста Каспий теңізіне дейін жаулап алды[26]. Ал Модэнің кейінгі ұрпақтары I—V ғасырда жаулаушы соғыстар жүргізді, олар Каспий теңізі үстімен барып Еділ суын кеше Қара теңіз жазығын басып барып 371 жылы гот королі Германарихты қирата жеңді[27]. Ал «V ғасырда готтарды өкшелей қуып Дунайға жетті, Рим империясының жеріне кіріп, бірнеше шекаралық қалаларын қиратты»[28]. Осы жорықтардың бастаушылары Баламбер (340 жылдар), Алп Илитвер (IV ғ.), Ругила мен Руя, Атилла және оның балалары Эллақ, Денгизих, Ирник (440—460) сияқты қағандар мен бектер болды[29].

Сөз жоқ, бұл жорықтар халық жадында, аңыз-әңгімелерде, жырларда сақталып, кейінге жетті. «Оғуз қағандағы» Урум қағанмен соғыс — хундардың Еділден ары өтіп, Қара теңіз сыртындағы Рим колонияларымен болған соғысты меңзесін, не Рим империясының шекарасындағы жүргізген V ғасыр соғыстарын меңзеоін, қалай дегенде де тарихи негізі бар соғыс.

[25] *Бичурин Н. Я.* Собр. соч. Т. I. С. 55.
[26] Сонда.
[27] *Артамонов М. И.* История Хазар. Л., 1962. С. 40—45.
[28] Сонда. 51-б.
[29] Сонда. 49—62-б.

Мұның өзі Түрк Қағанатының VI—VIII ғасырда батысқа жүргізген соғыстары оқиғасымен *араластырылмай,* анохронизмге ұрынбай, негізі өте ерте жасалған аңыздың ізін аңғартады. «Оғуз қағандағы» Урум қаған соғысы бұл аңыз-әңгіменің өте көне сюжеттерінің бірі, ал **Урум қаған** кісі атына айналған **Рим империясының** аты.

6. **Урус бек, Сақлаб.** Аңыз-әңгіме бұл екі атау туралы былай дейді: «Урум қағаннуң бір қарындашы бар ерді, **Урус бег** деген ерді. Ол Урус бег оғулун тағ башда Терең мүрен арасында йақшы берік балуққа йумшады. Тақы деді кім, «Балуқны қатағлағу керек турур, Сен тақы урушғулардан соң балуқны меңге сақлаб келгіл!»— деп деді.

Оғуз қаған ошул балуққа атлады. Урус бегнің оғулы анга көб алтун, күмүш йеберді. Тақы деді кім, «Ай, сен менің қағанум сан. Меңга атам, бу балуқны беруб турур. Тақы деді кім «Балуқны қадағлағу керек турур. Сен тақы урушғулардан соң балуқны беңге сақлаб келгіл»,— деб деді. Атам чамат атуб ерсе менүң тапум ерүрму? Сенден жарлық, байлық, біллүк білемен. Бізнің қутыбыз сеннің қутың болмуш, бізнің уруғыбыз сеннің йығачуңнуң уруғы болмуш болуб турур. Теңрі сенге йер беріб буйурмуш болуп турур. Мен сенге башумны, қутумны береман, бергү беріб, достлықтан чықмас турурман», — деб деді.

Оғуз қаған (й)гітнің сөзүн йақшы көрді, севінді, күлді. Тақы айтты кім: «Меңа көп алтун йумшапсан, балуқны йақшы сақлабсан», — деб деді. Анүң үчүн анға Сақлаб ат қойды, достлық қылды» (20—23).

«Шежіреде» Оғуз қағанның бұл жорығы да айтылмайды. Жалпы «Шежіре» Оғуз қағанның батысқа жасаған жорығынан бейхабар. Абулғазы қыпчақ-бала туралы аңызды, қыпчақтардың «дәш қыпчақ» аталған мекенде бірге болу фактісімен байланыстыратын соңғы дәуірдің аңызымен қосып жіберіп қана былай дейді: «Ол оғланды хан өз қолында сақлады, йігіт болғандын соң Орус, уа Олақ, уа Мажар, уа Башқурдт еллері йағы ерділер, Қыпчаққа көп ел уа нөкер беріп, ол йаққа Тын уа Етіл сувынның йақасыға йеберді (А. I, 19).

«Оғуз қағанның» батысқа жорығының бұл тұсы өте анық баяндалған: 1) Урум қаған «Оғуздың жарлығын сақтамайды», «сөзін тұтпайды», «Оғузбен «андағ йаман урушғу» салады; 2) «Урус бег Урум қағаннуң бір қа-

рындашы»; 3) Урус бег қаған емес, тек **бег қана; 4) Оғуз** қаған жаулап алғалы аттанған «берік баруқ» Урус бегтің өзі тұрған қала емес; бұл қалада Урус бегтің бір мұрагері — баласы тұр; 5) ол қала «Терең мүрен арасында», «йақшы берік» қала; 6) Урус бегтің мұрагері Оғузбен соғыспай, «көп алтун-күмүш йіберді»; 7) бұл мұрагер бала осы ісін атасымен келіспей, оның ықтиярынан тыс істейді; 8) Оғуз қағанға Урус бег баласы жолдау сәлем жібереді; «мен сенге башумны, қутумны береман, бергі беріп достлықтан чықмас турурман» — деген ант сөзін жібереді; 9) Оғуз қаған онымен «достлық қылады»; 10) оған **Сақлаб** ат қояды.

«Оғуз қағанның» бүкіл желісінде дәл, айқын және күрделі баяндалған сюжет жоқ: географиялық мекен жағынан да («Етіл мүреннен» кешіп бару; Терең мүрен арасы) мәдениетінен хабар беруі жағынан да («йақшы берік балуқтың» бар болуы), саяси жағдайдан мәліметі болуы жағынан да («Орус бег Урум қағанның қарындашы» — яғни олар бұл кезде Рим империясына тәуелді жағдайда; Орус бег пен оның оғулы арасында келіспеушілік, қырғи қабақтық бар), әрі соғыс тарихынан дерек беруі жағынан да (Урум қағанмен қатты ұрыс болса, Орус бег оғулы ұрыссыз өзі бағынады) көп-көп көне тарихтың күңгірт ізін аңғартады.

М. Қашғари картасында түріктердің батыс көршілері — әуелі **Урус**, одан соң **Сақлаб**, одан соң **Рум**. Рум — М. Қашғари көрсетуінше Шығыс және Батыс ендіктегі халықтардың Батыс бөлігіндегі ең шеткі жұрт. «Думнан Мичинға дейін» деу М. Қашғарида тұрақты ұғым (ДЛТ. I, 66).

7. **Улуғ Орду бег.** «Оғуз қаған» бұл герой жайлы былай дейді: «черігіде бір йақшы бег бар ерді», «Узлуғ уқғулуғ бір ер ерді» (23/9; 24/1). Осы *бег* әрі *ер* Ітіл суының жағасында өскен «көп телім йығачларды» кесіп, сал жасады, сол салға («йығачларға») жатып, (Оғуздың черігі өзеннен) өтті. Оғуз қаған Улуғ Орду бегтің бұл ісіне «сүйініп», «сен мұнда бег болуң», — деді. Бұдан соң оған «Қыпчақ дегенсен бег болуң» деді» (24).

«Шежіреде» Оғуз хан «Хытайның нары йүзінде, теңіз йағасында берік тағларның ішінде көп еллер» болып, оның патшасы Ит Барақ болып, соның үстіне аттанады (А. II, 12). Осы елмен болған бір соғыста аты белгісіз «бір йігіт» болып, ол ұрыста өліп, екі қабат қатыны қалып, ол «чірік ағашның ішінде оғлан» туып, Оғуз хан ол

баланың атын Қыпчақ қояды (А. II, 12—13). «Ол оғланны хан өз қолында» сақтап, жігіт болған соң көп ел, нөкер беріп, Етіл жаққа жіберді (А. II, 12).

«Шежіреде» қыпчақты көп ел, нөкер беріп, Етіл жаққа Оғуз хан *«жібереді»*. Орі «Шежіреде» ол әлі өз ерлігімен көрінген жоқ. «Қыпчақ» аты оның өз ерлік-қызметі үшін де берілген жоқ. Дүниеге «шірік ағаш қуысында» келгені үшін осылай аталды.

Жалпы шежіре атаулы үшін **туу, ұрпағы** болу дегенді айту — негізгі нәрсе.

Ал «Оғуз қағанда» Оғуз қаған әскеріндегі өзі *бег*, өзі *ер* Улуғ Орду бег деген белгілі жауынгер. Ол Оғуз черігі Етіл суынан өте алмай қысылған кезде, тапқырлық жасап, қалың қолды Етіл суынан сол салмен өткізеді. Үлкен қызмет етеді. Оғуз қаған: «ай, ай сен *мұнда бег болуң»* дейді (24/6).

Яғни эпос айтуынша Қыпшақ Улуғ Орду бегті Оғуз қаған Етіл өңіріне бег етіп тағайындап отыр. Қыпчақ Улуғ Орду бег Етіл өңірінің әкімі, несі... Әрине, мұнда мотив өте көне болып, оның географиялық ортасы жаңа болуы мүмкін. Бұл «Етіл суын» Қыпчақтардың VIII—XI ғасырларда осы өңірде болуы, іздетіп табуы да мүмкін.

8. **Қағарлық ер.** Қағарлығ та Оғуз қағанның белгілі батырларының бірі. Ол жайлы «Оғуз қаған» былай дейді: «черігде бір бедүк қағаз ер бег бар ерді, чалаң-булаңдап қоруқмас турур ерді. Жүрүгүнде, соғурғуда оңа ер ерді» (27).

«Қағаз» сөзі екі-ақ жағдайда Оғуз қағанға тең сөз ретінде қолданылған. «Оғуз қаған бір еріз қағаз кіші ерді; Қары болғумдың менің қағазлуғум йоқ турур (38). Қағарлық та Оғуздың өзі сияқты «қағаз ер», тіпті «бедүк қағаз ер», оның үстіне бег; ер бег: «бедүк қағаз ер бег».

Қағарлық бегтің ерлік қызметі белгісіз бір мекенде «үстін мәңгі «тоң тақы мұз» басқан, басы «ақ ақ» Мұзтаң деген жерде Оғуз қағанның шауқар тақ аты жоғалып, соны ізден тауып әкелуде көрінеді. Оғуз қаған *ер бегтің* қызметіне қатты риза болып, «ай сен мұнда беглерге болғыл башлығ!» — дейді (28). Қыпчақ Улуғ Орду бегке «сен мұнда *бег болдың»* десе, бұл ерге *«бектерге бастық боп»* дейді, атын «Қағарлығ болсын» дейді.

Біз жоғарыда «Оғуз қағанның» сюжет желісі, оларды тугызған мотивтер жайлы сөз еткен орайда Қағарлығ атты этимологиялаудан (тарихтаудан) келіп туған сю-

жет оқиға сипаты жайлы айтқанбыз, бұл жерде әңгіме Қағарлық ердің өзі туралы. Бұл ер өзі *бег* әрі *«бектердің бастығы»*.

Осы сөзде тарихи деректің ізі бар: **Қағарлық ер бег—«Қарлуқ» тайпасының жиынтық образы.**

«Қарлуқтар 766 жылы түргештердің астанасы Суябты алып, Сырдария облысының шығыс бөлігі мен Жетісуға жайғасады; ал Сырдарияның төменгі жағында оғуздар мемлекеті болды, ал Шығыс Түркістанда тоғуз оғуздар болды»[30]. Бұл кезде қарлуқтардың билеушісі жабғу аталды, ал **қағандық** тоғуз оғуздарда болды[31].

Қарлуқтар мен оғуздар бергі дәуірлерде де осы территориялық жікпен көршілес жатты. Истарахидың айтуынша (IX ғ.) Исфиджаб өлкесінде оғуздар мен қарлуқтар шекараласатын болған[32]. Каспийден Исфиджабқа дейін оғуздар, Исфиджабтан Ферғанаға дейін қарлуқтар болған.

В. В. Бартольд былай дейді: бұдан мынадай тұжырым жасауға болады; Мандиси (X ғасырдың 2-ші жартысы) түрікмен құрамына оғуздарды да, қарлуқтарды да кіргізген, осындай тұжырымды Махмуд Қашғаридың: *«Қарлуқтар* — түрік тайпасы, көшпелілер, оғуздардан бөлек, олар да түркмандар» — деген сөзі де растайды[33].

Осылардан келіп мынадай пікір туады: қарлуқтардың бұл VIII—X ғасырда оғуздар қарауына кіруі сияқты тарихи факті *Қағарлық ер бегті* Оғуз қағанның черігі құрамында көрсетсе, ал қарлуғтардың өз алдына әкімі бар ел болуы сияқты және VIII—IX ғасырларда бұл өлкеде кейде өзге түрік тайпалары арасында ілгері шығуы сияқты тарихи факті қағарлықты «беглерге бег» етіп отыр. Яғни оғуздар үшін Қағарлық * (не қарлуқ) Қыпчақ Улуғ Орду бег (не қыпчақ) емес, Қағарлықтың Қыпчақтан дәрежесі бір саты жоғары тұр. Демек, туыстық жағынан да бір табан жақын да. Ол «Дедам Қорқуттағы» сияқты «беглер бегі».

[30] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. I. С. 259.
[31] Сонда. 260-б.
[32] Сонда. 549-б.
[33] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. I. С. 549.

* Бұл сөздің «қағарлық» формасы көп сырды бүгіп жатуы мүмкін. Риза Нур *қар* сөзінің *қа/ға/р* түрінде, *шам* сөзінің *ша/ға/м* түрінде келуін ескеріп барып, аңыздың тексті IX—X ғасырларда жасалуы мүмкін дейді. *Қағарлуғ* формалы сөз хун-түріктердің ең көне батыс тобының бір диалектісіне тән болуы тиіс...

«Шежіреде» қарлуғ «Оғуз қағандағыдай» жеке кісі емес, «бірнече кішілердің» Оғуз хан лашкеріндегі жай кісілердің тобы: яғни «Ғурның тағларыға қар көп түшүп, лашкерге еріп жүре алмай қалған бір топ қол». Олар жасаған ерлік те жоқ. «Тағ ічінде бір кече улуғ қар» жауған кезде жүре алмай қалып қойған, «атлары», «түйелері» өліп, «бahap болғандын соң пнада келген» жаяулар тобы ғана.«Шежіре»: «Хан hүкм қылды: ол жамитке қарлуқ тесүнлер теп» — деумен аяқтайды.

«Шежіреде» тарихқа жанасып келетін шындықтың сілем ізі де жоқ, таза аңыз.

9. **(Қалач) Төмүрдү Қағул.** Төмүрдү Қағул да батыр. Ол жөнінде былай дейді: «Черігде бір йақшы чебер ер бар ерді. Анун аты Төмүрдү Қағул деген ерді» (28—29).

Төмүрдү қағул ер (батыр) ғана емес, әрі шебер де. Текстегі «чебер ер» деген тіркес тіпті ерліктен гөрі шеберліктің кісісі дегенді көбірек аңғартады.

Бұл «шебер ер» кісінің аты да шартты: **Төмүрдү Қағул.** Бұл ат — ағаштан түйін түйетін «шебер» деген мағына беретін сөз (Төмүр...).

Төмүрдү қағул ат оның істейтін ісінің сипатынан шығарып барып қойылған. Яғни Оғуз қағанның эскерлері сапар тартып келе жатып «йолда бедүк бір үй» көреді. Бұл үй «қапулуғ ерді, ачқыч йоқ ерді» (28). Осы үйдің қақпасын ашуды Төмүрдү қағулға жүктейді және «мұнда қал ач. Қалық(ны) ачғундун соң кел ордуға деб деді» (29).

Текстегі «ордаға кел» деген бұл сөз Төмүрдү Қағулдың жағдайы қай сипатты екенінен көп мәлімет береді. Ол бірі бір жүртқа бег, бірі бектердің бегі Қыпчақ та, Қағарлық та емес, ол Оғуз қағанның қызметте жүрген жеке басты нөкерлерінің бірі ғана. Орда қызметшісі. Қызметші батыр.

Қалач «Шежіреде» басқаша әрекетімен көрінеді. «Иран сары» Оғуз хан аттанып, «Талаш шahapiге келді». Ханның қол соңын шолып, арып-ашқан, адасып қалған бірлі-екілі адамды жиып жүретін кісілері бар еді, солар тамағы таусылып, лашкар соңыдын келе турған, «хатуну тоғурып», «ачлық сабабдін анасының сүті оғланға» жетпей, шағал қырғауыл ұстап, одан қырғауылды ұрып тартып алып, «кабан қылып» қатынына беріп тұрған бір кісіні тауып, хан қасына алып келеді (ШТ, II, 14).

«Хан ол фақирға ат уа азық, уа мал беріп, «бу черік-

ке бармағыл» деп, қал, ач! — деді. Барча Қалач елі шул наслдін турур» (ШТ. II, 14).

XI ғасырда Махмуд Қашғари бұл аңызды Александр Македонскийге байланыстырып баяндайды: Македонский Сырдариядан бері өтіпті дегенді естіп, түрік патшасы Чу бойынан Шығысқа қарай жұртымен, қолымен жүріп кетеді; 22 кісі (оғуздардың арғы аталары) үй ішімен қалып қояды; бұлар әскер соңынан шаршапшалдығып бара жатқан тағы екі кісіні көреді, бұл екеуі әлгі 22-ні көріп, «не істесек екен?» — деп ақыл сұрайды. Олар: Александр тұрып қалатын кісі емес, ертең кететін адам, орындарында қалыңдар, — деп кеңес береді. Осы екі кісіден *Қалач* деген екі ру жұрт болады [34].

Аңыз XI ғасырда бар. Ал «араб географиясында **халаджар** өте ертеректе Амудариядан ары өтіп, X ғасырда-ақ, онда да «баяғыдан» Афганистанның оңтүстік **бөлегінде** тіршілік етті»[35].

Егер Махмуд Қашғарида қалач — Чу бойынан аттанған түрік патшасының соңынан еріп барып, қалып қойған екі кісі ұрпағы болса, Рашид-ад-динде (Абулғазыда да) Оғуз ханның Таласта «қал ач» деп қалдырып кеткен кісісінен тараған ұрпақ. Географиялық мекен бір жер. Бұл ретте екі авторда да аңыздың бір негізділігі көрінеді. Демек, аңыз өте ертеде X ғасырдан көп бұрын, *қалачтар* Чу бойынан кетпей тұрған кезде, олар осы Чу — Таласты *жайлаған* кезде туған.

М. Қашғаридың қалач атты түрік руын нақты білмеуі бұл кезде түрік тайпаларының өз қандастары қалачтар туралы деректі аңызға айналған әңгімеден ғана білетін жағдайға келуі. Бұл аңыздың тегі өте ертеде, тіпті VIII ғасырға дейінгі жерде жатқанын көрсетеді.

Егер осы деректі «Оғуз қағандағы» Қалач Төмүрдү Қағулдың «орда қызметшісі» болуымен салыстырсақ, **қалачтар** әуелде оғуздар **қарауында** болған. Демек, Қалач Төмүрдү Қағул ер — оғуз қарауында болған, соларға қараған **өзге** жұрттың **қалач** руының прототипі. Онда да қалачтардың оғуздар қарауында болған дәуірін меңзейтін прототип.

Қорогълы Фердаусидың «Шахнамасында» бар Демус, Гек Бори, Гуз сияқты батырларды айта келіп, бұлар тегінде сол кезде болған оғуз эпосынан ауысқан образдар

[34] *Махмуд Қашғари.* Дивану... III, 422-б.
[35] *Бартольд В. В.* Собр. соч. Т. 2. Ч. I. С. 552.

болуы мүмкін дейді. Өйткені «Оғуз намада» Қалач ат берілетін Төмүрдү Қағул деген жақсы кісі бар — дейді [36]. Темірлі (Төмүрдү) атын темір қақпалы үй мотиві іздетіп тапсын немесе Темірлі ат темір қақпалы үйді іздетіп тапқызып — бәрі бір, қалай дегенде де Қалач атауына қатысты сюжет, оның мотиві өте көне дәуірде туған [Ал «Қағул» сөзі қазақ тілінде **«икемді», «оңтайлы»** т. б. мағына беретін сөз, осы сөзге «шебер» сөзі жақсы синоним-анықтауыш болып тұр].

10. **Қаңғалуғ-Бармақлуғ Жосун Білліг ер.** Аты осынша ұзақ ер. Оғуз қағанның атақты кісілерінің бірі. Аңыз-әңгіме ол жөнінде былай дейді: Оғуз Жүржіт қағанмен соғысқанда, «Оғуз қағаннүң черігіге, нөкерлеріге, ел-күніге улуғ өлүк барғу түшті кім, йүклемекке, келдүрмекке ат, қағатыр, уд азлық болды. Оғуз қағаннүң черігіде **узлуғ ышай** бір **чебер кіші** бар ерді. Аның аты Бармақлуғ Жосун Білліг ерді. Бу чебер бір қанға чапты. Қанға үстүнде өлүг барғуны қойды, қанға башыда тіріг барғуны қойды, тарттылар, кеттілер... (31). «Оғуз қаған қангаларны көрді, күлді. Тақы айтты кім «Қанға, қанға бірле өлүгні тіріг йүрүгүрсүн, Қаңғалуғ сенге ат болғулуғ қанға білгүрсүн!» — деб деді (32).

Бұл «чебер кішінің» аты да шартты. **Бармақлуғ Жосун Білліг.** Бұл ат «бармағы өнерлі», «бармағынан өнер тамған» деген мағына беретін эпитетті «Бармақлуғ» әрі «білінген», «белгілі», «әйгілі» деген эпитетті («Білліг») тіркестен құралған. «Чебер кіші», «узлуғ кіші» деген тіркестер беретін мағынаға және бұл кісінің «қанға» шабатын өнеріне қарай қойылған *лақап ат* [немесе осы атына қарай әрекетті(мотивті) тілеп отыр]. Текстe Оғуз қаған айттымен келтірілетін: «Қанға, қанға бірле өлүгні тірік йүрүгүрсүн. Қаңғалуғ сена ат болғулуғ, қанға білгүрсүн!» — деген сөзде өзге геройларға айтылатын: «бег болуң», «беглерге болғыл башлыг», «ордуға қал» деген сөздер орнында келетін бір *ниет білдіру* сөзі жоқ. Бұл жерде «ескерусіз» қалғандай бір бейтарап қатынас ізі бар... «Оғуз қағанда» бұл мотив Оғуздың Чүрчіт қағанмен соғысы кезінде байланыстырылып берілсе, «Шежіреде» «Қытайның Темүрқазық тарифында» жатқан Чүрчіт теген бір улуғ йүрт («хинд уа тәжік аны чин дерлер») бар да, ал соған жақын отыратын татар ханына Оғуз қаған аттанып барып, осы Татар ханды ша-

[36] *Короглы Х. Г.* Огузский героический эпос. М., 1976. С. 93.

бады. Сонда «ләшкерінің қолына ол чақлы өлүк мал түшді кім йүклемекке ат азлық қылды. Бір йақшы чебер кіші бар ерді. Ол фікір қылыб араба йасады, ...маллары-ны йүклеб қайтдылар. Арбаға «қанық» ат қойдылар... Аны йасаған кішіні Қанғалы теділер. Барча Қанғалы елі ол кішінің оғланлару турур (ШҚ, II, 12).

Міне, осы «шебер кісіге» «Оғуз қағанда» ат беруден басқа ниет білдіру жоқ. Мұның өзі қанлы тайпасының о баста-ақ өз алдына бөлек жұрт болуына қатысты жайды аңғартуы да мүмкін. Тіпті біз мұны осы аңыз мотивінің бергі XIII ғасыр басына қатысты тарихқа байланыстырып барып айтылатын өзге бір вариантынан да көреміз.

11. **Көк Бөрі.** «Оғуз қағанда» бөлекше мақсаттан барып кіргізілген символдың орны бар герой — **Көк Бөрі.** (Ал «Шежіреде» бұл Көк Бөрі туралы айтылмайды).

Еркек Бөрі «Оғуз қағанда» «ел күнлерні» жейтін **қат, не бұғу, не шұңқар** т. б. қатарындағы **аң емес.** Ол — Оғуз қағанды ұлы жорықтарда бастап жүруші, сәтті сапарға, жеңістерге бастап апарушы, ұлы айқастарда қолдап жебеуші ата-баба әруағының киелі аң түрінде көрінген рухы.

Оғуз қаған жорыққа аттанар шақта: «Тамға бізге болсун, буйан! «Көк бөрі» болсунғыл уран!»—деп (11), аруақ атын, ата бабаның киелі рухын атап жар салады.

Жорықтың ұлы идеалы — ізгілік (буйан), осы ізгілік жорығында ұрандап шабары — сыйынып шабары, арқа тұтып, қолдау тілеп шабары *Көк Бөрі.* Бар жорық Көк бөрі атымен құпталмақ, бар айқас Көк Бөрі атымен басталмақ.

«Оғуз қаған» осы ұранды ежелгі хун-түріктердің жорықта сыйынар ұранын («Көк Бөрі!» ұраның) *ұран сөздең* әрекет иесі Көк бөріге айналдырған. Дәлірегі о баста «Көк бөрі» ұран сөзі осы киелі аруақ иесі Көк Бөріден барып туған деу керек.

Ертедегі түрік аңыздарында: «Түрк Ордасының арғы аталары батыс теңізінің батысында болыпты, өздері жұрт құрапты. Бұл Хун Ордасының бір бөлегі екен. Оларды Ашина деп атапты. Кейін, күндерде бір күн бұл жұртқа көрші бір ел шабуыл жасап, тегіс қырып жіберіпті. Тек қана он жасар бір бала қалыпты. Жаулар неге екені белгісіз ол баланы өлтіруге қимай, қолаяғын шауып, құрақты бір көлге тастап кетіпті. Бір қаншық қасқыр баланы тауып алып, шикі ет әкеліп беріп

асырапты *. Баяғы жаулардың басшысы бір баланың тірі қалғанын біліп, оны өлтіріп қайтуға қайыра кісілер жұмсапты. Ол кісілер баланы іздеп тауып өлтіріпті. Баланы бағып қасында жүрген қасқырды көріп, оны да өлтірмек болған екен, қасқыр сол көлдің батысынан шығысқа (Алтай тауына) қашып кетіпті. Тау ішінде бір үңгірге келеді. Үңгір ішінде ат шаптырым бір көгал жер бар екен, ол жердің төрт жағы биік тау екен. Қаншық қасқыр осы жерге тығылады, он екі еркек бала табады. Бұл балалар ер жетеді, төңірегіндегі жұрттан қыз алып үйленіп, балалары болады. Келе олардың әрқайсысынан бір-бір ата шығады. Іштерінде Ашина (Асянь-ше) деген бір батыр кісі сол жұртқа басшы болыпты. Ол *қасқырдың басын* ту етіп қадап қоятын болыпты. Оның руы бірте-бірте көбейіп, бірнеше жүз үйге жетіпті. Бірнеше буын ұрпақ ауысқан соң Асяньшад барша жұртымен баяғы шатқалдан шығыпты, жужан ханына тәуелді болыпты [37].

Осы аңыздың ізін ежелгі түріктердің салтынан да көреміз: өздерін көк бөріден шықтық деп білетін Түрк қағанаты қағандары «туларына алтыннан жасалған қасқырдың басын қадайтын»[38] болған.

Міне, жорық туындағы қасқырдың алтын басы «Оғуз қағанда» «еркек көк бөрі» образында жүреді.

Бұл Көк Бөрі жайлы «Оғуз қаған» былай дейді: Оғуз көп әскермен Урум жұртына қарсы аттанды, туларын ұстап кетті, қырық күн жол жүріп, Музтағ деген тау етегіне келіп шатырын тігіп, шырт ұйқыға кетті. Таңертеңгілік болғанда қағанның шатырына «күн дег бір жаруқ кірді. Ол жаруқтун **көк түлүклүг** көк **жаллүг бедүк** бір **еркек бөрі** чықты. Ошул бөрі Оғуз қағанға сөз беріб турур ерді: Тақы деді кім, ай, ай Оғуз, Урум үстіге сен атлар боласан. Тапуғуңларға мен йүрүр боламан!» — деб деді (16—17).

Міне, «Күндей жарық сәуленің» ішінде жүретін осы *Көк Бөрі* «черігінің тапуқларыда» жүріп отырады, әскерлер «бөрінің артларын қатағлап» жүріп отырады. Бірнеше күннен соң Көк Бөрі тоқтап тұрады. Келген жері Етіл мүрен деген бірталай алыс екен. Осы арада Урум қағанмен ұрыс болды. Оғуз қаған жеңді...

Оғуз қаған әскерімен тағы ілгері кетті. «Оғуз қаған

* Жаңа туған Оғуз-бала да «йіг ет» тілейді.

[37] *Бичурин Н. Я.* Собр. соч. Т. I. С. 220—221.

[38] Сонда. 229-б.

тағы көк түкті, көк жалды еркек Бөріні көрді». Осы Көк Бөрі Оғуз қағанға: «емді черіг бірле мұндун атла Оғуз! Атлап, ел күнлерні, беглерні болдургыл, мен сенге башлап жолны көргүрүрман!» — деб деді (25).

Көк Бөрі Оғуз қаған әскерін екінші рет бастап жүріп кетеді: «черігінің тапуқларыда йүрүгүде» тұрған осы Көк Бөріге Оғуз қаған «сүйенеді». Көк Бөріге еріп «ілгері кетеді». Оғуз қағанның аты жоғалады, жолай бір сарайға кездеседі. Бірақ Көк Бөрі бұл тұста көрінбейді, өйткені бұл екі сюжет те өзге бір мотивтен келіп туған. Сондықтан бұларға Көк Бөрінің араластығы жоқ: Ол тек жорыққа бастаушы ғана.

Оғуз қолын бастап келе жатқан Көк Бөрі күндерде бір күн «йүрүмейін тұрды». Мұны көріп Оғуз қаған да черігін тоқтатып, шатырын түсіріп, тігеді. Сөйтсе бұл Көк Бөрі келіп тоқтаған жер Чүрчіт қағанның жұрты екен. Осы жерде «уруш токуш» болып, Оғуз Чүрчіт қағанды жеңеді.

«Оғуз қаған» ендігі жерде «бу көк түлүклүг көк жаллуғ еркек бөрі бірле Сынду, тақы Таңғут, тақы Шағам йақғақларға атлап» кетеді, ол елдерді алады (33).

Оғуз қаған қолын Көк Бөрі осылай үш жолы бастап жүреді.

Көк Бөрі Оғуз қағанға екі рет жолығып, екі рет сөз айтқанда да, оны «қаған» деп айтпай, тек *«ай, ай Оғуз!»* деп қана тіл қатады. Егер Урус бегніц оғулы «ай меннің қағанум сан» (21/2) деп тіл қатса, Улуғ Түрк «ай қағанум» (36/8) деп тіл қатады. Көк Бөрі бұлар емес.

Ол «тапуғунларға йүрүр боламан» — десе де, қолды бастап, жолды көрсетіп отырса да, «ай, ай Оғуз!» — деп қана айтуда Көк Бөріге тән жолы үлкендік, құқықы биіктік аңғарылады. Аңыз-әңгіме ізет-құрмет, бағынштылық талап етер Оғуз қағанға осылай жұмсақтық, кішілік нышанынсыз, жай ғана «ай, ай Оғуз!» — деп қана тіл қатқызады. Мұнда өте елеулі сыр жатыр.

Көк Бөрі — «Оғуз қаған» бар негізгі кейіпкерлердің бірі.

Бірақ бұл Көк Бөрі батырлық ертегілердегі не ерлік эпостардағы батырдың «аты», я батыр аттанып шыққанда жолын тосып, көмектесетін «аю» я «құс» сияқты тікелей әрекетімен (көмектесу, жауын жеңісу, жоғын табысу т. с. с.) көрінбейді. Бұл «Оғуз қағанның» жалпы сипатын білдіреді. Тіпті ол батырлық ертегілер-

дегі, эпостардағы «әулие бабалар» да («Қобыланды батырдағы» Баба Түкті Шашты Әзиз т. б.) емес. Тіпті ол көк әлемнің қыздары ақ шаман қыз да, «Көкен-күткарушы» қыз Хухэ де[39], не «Рамаянадағы» Жатай Қаршыға да т. б. емес.

Бұл Көк Бөрі әрекеті «Оғуз қағандағы» ең көне сюжет. Көк Бөрінің бұлай жорықтарға бастап жүру мотиві ежелгі Хун Ордасы дәуірінде-ақ туған болса керек. Дәлірегі ежелгі Хун Ордасының билеушісі Модэ Қағанның ұлы жорықтары, оның жеңістері кейін аңызға айналғанда, осы аңыздың ең негізгі ұйытқысы Көк Бөрі болса керек. Ол кейін «Оғуз қаған» эпосына бір желі болып кірген.

«Мажмул-ал Тауарих уа ол қисса» деген кітаптың авторы Афрасиаб сарайындағы кісілерді айта келіп, «Демурді және Афрасиябтың жездесі Көк Бөрі Гуздің» атын айтады — дей келіп, Х. Г. Короглы «шамасы, бұлар сол кезде бар элде бір Оғуз эпосынан ауысқан болуы керек»[40], — дегенді айтады. Оғуз қаған эпосындағы бұл Көк Бөрінің бергі X—XI ғасырда өзге жұрт ортасына келіп кісіге айналуы толық заңды.

«Оғуз қағанда» бар геройларды олардың әрекетіне қарай топтағанда, бұл геройлардың қай-қайсысы да мифтік қасиеттері жоқ, тылсым әрекеттер мен ғажайып кереметтер жасау сияқты белгілері жоқ, ерекше құдірет күшке ие емес, қарапайым адамдар болып келеді.

«Оғуз қаған» геройларының түгелдей қарапайым адамдар болып келуі — оның бірден бір өзіндік ерекшелігі. Әрине, бұл қарапайым адамдар өз ортасынан жіктелетін, бөлектенетін өзіндік ерекшеліктерге ие. Олысы: ерлігі, тапқырлығы, шеберлігі, өнерлілігі, ақылдылығы. Бұл қасиеттер, артықша белгілер бұл геройлардың өз бойындағы белгілер, өзіндік қасиеттер. Бұлар оларға сырттан, яғни жарылқаушы құдайдың, не жебеп қолдаушы әулие-рухтың, не құдайдың өкілі кереметтерінің т. б. тылсыммен таңылған, бойға сырттан енген, мезгілінде, сәтінде, керегінде пайда болған «артықшылықтар» емес.

Сондықтан да «Оғуз қаған» геройларының әрекетінде қарапайым адамдардың әрекетінен сырт *мифтік әре-*

[39] *Мелетинский Е. М.* Происхождение... С. 334.

[40] *Короглы Х. Г.* Взаимосвязи эпоса народов Средней Азии, Ирана и Азербайджана. М., 1983. С. 106.